



ЕАЭО МЕМЛЕКЕТТЕРІНДЕ
ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА
КӘСІПКЕРЛІКТІҢ ДАМУЫ
ТУРАЛЫ ЕСЕП

2019 жыл
ІІ тоқсан

ӘОЖ 334
КБЖ 65.290
Е-11

Е-11 **ЕАЭО мемлекеттерінде шағын және орта кәсіпкерліктің дамуы туралы есеп. 2019 ж. II тоқсан –**
Нұр-Сұлтан, 2019. - 100 бет.

ISBN 978-601-7596-17-0

Аталған есеп ЕАЭО мүше мемлекеттердегі шағын және орта кәсіпкерлік саласында 2019 жылдың II тоқсанындағы жағдай бойынша ақпараттық сүйемелдеу мақсатында дайындалған. Аталған есепте қолданылған барлық деректер анық әрі ашық ақпарат көздеріне сүйене отырып дайындалған. Есепте келтірілген мәліметтер мен көрсеткіштер тәуелсіз және бизнес саласындағы жеке сарапшылардың пікірін есепке ала отырып, мемлекеттік ашық мәліметтер базасынын алынған..

**ӘОЖ 334
КБЖ 65.290**

ISBN 978-601-7596-17-0

© «Атамекен» ҚР ҰПК, 2019

ҚЫСҚАРҒАН СӨЗДЕР

ЕАЭО	Еуразиялық Экономикалық Одақ
ЕЭК	Еуразиялық Экономикалық Комиссия
ДБ	Дүниежүзілік банк
ОА	Орта Азия
АР	Армения Республикасы
БР	Беларусь Республикасы
ҚР	Қазақстан Республикасы
РФ	Ресей Федерациясы
ФО	Федералдық округ
ҚР	Қырғыз Республикасы
ЖІӨ	Жалпы ішкі өнім
ҰЭМ	Ұлттық экономика министрлігі
ШОК	Шағын және орта кәсіпкерлік
ШОКС	Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері
ШОБ	Шағын және орта бизнес
ШК	Шағын кәсіпкерлік
АҚ	Акционерлік қоғам
ЖШҚ	Жауапкершілігі шектеулі қоғам
ЖШС	Жауапкершілігі шектеулі серіктестік
ЖК	Жеке кәсіпкер
ШҚ	Шаруа қожалығы
БЖК-2020	Бизнестің жол картасы-2020

КІРІСПЕ

ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердегі шағын және орта кәсіпкерліктің дамуын талдау ШОК-тың негізгі индикаторларына қол жеткізуге жауап беретін Қазақстанның мемлекеттік құрылымдары үшін де, қазақстандық кәсіпкерлер үшін де, сондай-ақ жалпы ЕАЭО барлық мүшелері үшін де маңызды рөл атқарады.

Мемлекет ШОК-ты дамыту саласындағы интеграциялық бірігу бойынша әріптестердің оң тәжірибесін зерделейді, кәсіпкерлер ЕАЭО елдерінің нарығына барынша сенімді шығуға мүмкіндік беретін пайдалы ақпаратқа қол жеткізе алады.

Ұлттық экономикалардың тұрақты және серпінді дамуы үшін шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың маңыздылығын ескере отырып, ЕАЭО-тың барлық елдері бизнесті жүргізу рәсімдерін оңайлату және кәсіпкерлік ортаны жақсарту бойынша атқарылуы тиіс іс-шаралар кешенін жоспарлы түрде жүргізіп жатыр. Бизнесті жүргізу жеңілдігі бойынша елдерді салыстыру үшін Дүниежүзілік банк жыл сайын он негізгі бағыт бойынша бизнесті жүргізу шарттарын бағалайтын беделді «Doing Business» есебін жариялайды. Мұндағы көрсеткіш бойынша жағдай да үнемі өзгеріп отырады.

Дүниежүзілік Банктің 2019 жылғы мәліметтеріне сәйкес, Еуропа мен Орталық Азия аймағындағы ЕАЭО екі елі жүргізілген реформалар саны бойынша айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізген елдердің қатарына кірді: Армения (5 реформа), сондай-ақ Ресей Федерациясы мен Қырғыз Республикасы (әрқайсысы 4 реформа бойынша).

Бизнесті ашып, оны дамыту үшін несие алу барысындағы минимизация мен қарапайымдылық аясында іске асырылатын экономикалық реформалар Дүниежүзілік банктің 2019 жылғы I-тоқсанның

қорытындылары бойынша жасаған соңғы есебінде көрініс тапты, онда Орталық Африка мемлекеттері мен Орта Азия мемлекеттері әлемдегі біріктірілген реформалардың жалпы санына қатысты ШОК саласындағы барлық реформалардың 64%-ына бастамашылық етті.

Ұлттық мемлекеттердің үкіметтерінің бизнес-қоғамдастықтармен ынтымақтастық орнату бойынша атқарған нысаналы жұмысының және ЕАЭО елдерінің нормативтік-құқықтық және заңнамалық актілеріне енгізілген өзгерістердің арқасында бизнес жүргізу шарттарын жақсартуға қол жеткізілді.

2018 жылдың тамыз айында жаңа редакцияда бекітілген «БЖК-2020» мемлекеттік бағдарламасында ШОК-ты қаржылай емес қолдау шеңберінде ЕАЭО мүше-мемлекеттерінде кәсіпкерлік қызметті жүргізу шарттарын түсіндіру құралын пайдалану тұрақты негізде қарастырылған.

Осы есептің міндеті – 2019 жылдың екінші тоқсанындағы ЕАЭО елдеріндегі шағын және орта кәсіпкерліктің даму көрсеткіштерін қысқаша талдау, қарастырылып отырған кезеңдегі ЕАЭО елдеріндегі кәсіпкерлік саласындағы заңнамадағы өзгерістер мен кәсіпкерлік қызмет жүзеге асырылған макроэкономикалық ортаға шолу жасау.

Бірыңғай экономикалық одақ кеңістігіндегі кәсіпкерлердің іскерлік белсенділігінің индикаторы болып табылатын сыртқы және өзара сауда статистикасына ерекше назар аударылды.

Айта кету керек, ақпарат ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің ұлттық статистикалық деректері негізінде және халықаралық қаржы институттарының есептері аясында ұсынылған.

1

2019 жылдың II тоқсанында ЕАЭО елдеріндегі шағын және орта кәсіпкерліктің даму көрсеткіштері

1.1.



Қырғыз Республикасында шағын және орта кәсіпкерліктің даму көрсеткіштері



1.1.1. 2019 жылдың екінші тоқсанында Қырғыз Республикасындағы макроэкономикалық жағдай

2019 жылдың бірінші жартысының қорытындысы бойынша Қырғыз Республикасында ЖІӨ өсу қарқыны 6,4%-ға дейін өсті, бұл 2018 жылдың төртінші тоқсанымен салыстырғанда 2,9%-ға артық, экспорт 3,7%-ға дейін ұлғайды, ал тауарлар импорты 4,7%-ға азайды, **1.1.1-кестені қараңыз.**

1.1.1-гесте. 2019 жылдың бірінші жартысының қорытындысы бойынша Қырғыз Республикасының басты макроэкономикалық көреткіштері

Жалпы ішкі өнім 2019 жыл қаңтар-маусым, % 2018 ж. қаңтар-маусым айларымен салыстырғанда	106,4%	Негізгі капиталға салынған инвестициялар 2019 % 2018 ж. қаңтар-маусым айларымен салыстырғанда	105,5%
Өнеркәсіп Нақты көлем индексі	117%	Құнсыздану 2018 жылдың желтоқсан айындағы жағдай бойынша	0,3%
Ауыл шаруашылығы	101,6%	Тұрғындар 2019 жылдың 01 шілдесіндегі жағдай бойынша	6,4 млн. человек
Экспорт 2019 жыл қаңтар-маусым, % 2018 ж. қаңтар-маусым айларымен салыстырғанда	109,1%	Импорт 2019 жыл қаңтар-маусым, % 2018 ж. қаңтар-маусым айларымен салыстырғанда	88,2%

Дереккөз: Қырғыз Республикасының Ұлттық статистикалық комитеті.

Жалпы ішкі өнім. 2019 жылдың қаңтар-маусым айларында 2018 жылдың нақтыланған базасына өндірістік әдіспен есептелген **жалпы ішкі өнім (ЖІӨ)** 232,5 млрд.сомды құрады және 2018 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 6,4%-ға өсті. «Құмтор» кен орнын игеру кәсіпорындарын есепке алмағанда ЖІӨ нақты өсімі 6%-дан асты.

2019 жылғы қаңтар-маусым айларында шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері өндірген жалпы қосылған құн көлемі 78,1 млрд.сом мөлшерінде қалыптасты және өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 8,9%-ға артты, ал оның ЖІӨ көлеміндегі үлесі 33,5%-ды (2018 жылы ЖІӨ 33,6%-ды құраған болатын) құрады. ЖҚК үлесінің азаюы оның өнеркәсіп саласында 0,3 пайыздық пунктке төмендеуімен байланысты. Бұл ретте, оның ауыл шаруашылығында – 0,2 пайыздық пунктке, көтерме және бөлшек саудада – 0,1 пайыздық пунктке, көлік қызметінде және жүктерді сақтауда – 0,1 пайыздық пунктке артуы байқалды.

1.1.2-кесте. 2019 жылдың бірінші жартысында Қырғыз Республикасының өнеркәсібі өнімінің көлемі

Өнеркәсіптік өнім көлемі млн. сом	2018				2019			
	Барлығы	Шағын кәсіпорындар	Орта кәсіпорындар	ЖК	Барлығы	Шағын кәсіпорындар	Орта кәсіпорындар	ЖК
Қырғызстан	11 078,0	3 682,3	4 727,1	2 668,6	10 335,0	4 064,4	3 407,4	2 863,2
Баткен облысы	346,7	56,2	123,1	167,4	353,6	50,6	125,6	177,4

Жалал-Абад облысы	987,5	351,4	455,1	181,0	880,0	381,3	296,5	202,2
Ыстық-Көл облысы	555,7	88,0	362,8	104,9	542,3	66,1	371,1	105,1
Нарын облысы	273,2	64,3	171,9	37,0	304,7	107,4	155,3	42,0
Ош облысы	1 101,8	171,5	811,8	118,5	1 021,5	476,0	415,4	130,1
Талас облысы	207,2	92,1	78,3	36,8	171,5	65,5	83,8	22,2
Шу облысы	3 530,0	1 150,9	1 251,4	1 127,7	3 279,9	944,9	966,6	1 368,4
Бішкек қаласы	3 606,3	1 439,8	1 334,2	832,3	3 256,5	1 740,4	773,3	742,8
Ош қаласы	469,6	268,1	138,5	63,0	525,0	232,2	219,8	73,0

Дереккөз: Қырғыз Республикасының Ұлттық статистикалық комитеті.

Өнеркәсіптік өндіріс. 2019 жылы қаңтар-маусым айларында шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің өнеркәсіп өндірісінің көлемі 24,3 млрд. сомды құрады, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 5,7%-ға артық. Бұл ретте олардың өнеркәсіп өнімінің жалпы көлеміндегі үлес салмағы 19,0%-ды құрады (2018 жылы қаңтар-маусымда-21,1%).

**2019 жылдың қаңтар-маусым айларында
Қырғызстандағы шағын және орта кәсіпкерлік қызметінің негізгі көрсеткіштері**

1.1.3-кесте. Қырғызстандағы 2019 жылдың бірінші жарты жылдығының қорытындысы бойынша ШОК субъектілерінің жалпы қосылған құн көлемінің өзгеруі, «Құмтор» кен орнын есептегенде (өткен жылдың тиісті кезеңіне млн.сом).

	2018	2019
Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері өндірген жалпы қосылған құнның көлемі, млн. сом	71 725,2	78 138,0
Шағын кәсіпорындар	15 780,1	15 162,5
Орта кәсіпорындар	9 119,1	8 913,2
Шаруа (фермерлік) қожалықтар	8 502,5	9 615,8
Жеке кәсіпкерлер	38 323,5	44 446,5
ЖІӨ-дегі шағын және орта кәсіпкерліктің жалпы қосылған құнының үлес салмағы %	33,6	33,5
Шағын кәсіпорындар	7,4	6,5
Орта кәсіпорындар	4,3	3,8
Шаруа (фермерлік) қожалықтар	4,0	4,1
Жеке кәсіпкерлер	17,9	19,1
ЖІӨ-дегі шағын және орта кәсіпкерліктің жалпы қосылған құнның үлес салмағы «Құмтор» кен орнын игеру бойынша кәсіпорнынсыз, %	37,2	37,7

Дереккөз: Қырғыз Республикасының Ұлттық статистикалық комитеті.

2019 жылдың қаңтар-маусым айларында шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері өндірген жалпы қосылған құн көлемі 78,1 млрд.сом мөлшерінде қалыптасты және өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 8,9%-ға артты, ал оның ЖІӨ көлеміндегі үлесі 33,5%-ды (2018 жылы ЖІӨ 33,6% құраған) құрады. ЖҚК үлесінің азаюы оның өнеркәсіп саласында 0,3 пайыздық пунктке төмендеуімен байланысты. Бұл ретте, оның ауыл шаруашылығында – 0,2 пайыздық пунктке, көтерме және бөлшек саудада – 0,1 пайыздық пунктке, көлік қызметінде және жүктерді сақтауда – 0,1 пайыздық пунктке артуы байқалды.

«Құмтор» кен орны туралы.

Құмтор-Қырғызстанның Ыстықкөл облысында орналасқан Орталық Азияның ең ірі биік таулы алтын кен орны, оны Канадалық алтын өндіруші компания Centerra Gold Inc өңдеген болатын. 1993 жылы кен орнын игеру үшін «Кумтор Оперейтинг Компани» ЖАҚ құрылды. Алтынның өнеркәсіптік өндірісі 1997 жылдың мамыр айында басталды. 2014 жылы қайта құрылымдаудан өтті және операциялық қызмет Қырғызстанның 50% үлестік қатысуымен «Кумтор Голд Компани» ЖАҚ – ға өтті. 2026 жылдан кейін Қырғызстанның үлесі 67%-ға дейін артады деп күтілуде*.

2017 жылдың 31 желтоқсанына дейін өнеркәсіптік өндіріс басталғаннан бастап Құмторде шамамен 11,5 млн.унция немесе 357 тонна алтын өндірілді, 2017 жылы 562,7 мың унция немесе 17,5 тонна алтын өндірілді. «Құмтор» кенішінде өндірілетін алтын құймаларын аффинажды кәсіпорнында одан әрі өңдеу үшін «Қырғызалтын» ААҚ сатып алады. Бұл «Кумтор Оперейтинг Компани», «Қырғызалтын» ААҚ және Қырғыз Республикасының Үкіметі арасында жасалған алтын мен күмісті сату туралы шартта көзделген. Қырғыз Республикасында және одан тыс жерлерде тазартылған алтын мен күмісті сатудың айрықша құқығына тек «Қырғызалтын» ААҚ ие.

2019 жылғы қаңтар-маусымда **шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің автомобильдер мен мотоциклдерді жөндеуі, көтерме және бөлшек саудасының көлемі** 173,7 млрд.сом мөлшерінде қалыптасты, бұл 2018 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 4,5%-ға артық. Шағын және орта кәсіпкерлік айналымының үлесі республика бойынша оның жалпы көлемінде 89,3%-ды құрады, оның ішінде негізгі үлес (46,4%) жеке кәсіпкерлерге тиесілі. Республика бойынша сауда айналымының жалпы көлеміндегі шағын кәсіпорындардың үлесі 33,0%-ды, орта кәсіпорындар-9,9%-ды құрады.

1.1.4-кесте. 2019 жылдың қаңтар-наурыз айларындағы автомобильдер мен мотоциклдерді жөндеу мен көтерме және бөлшек сауда көлемі млн. соммен

Автомобильдер мен мотоциклдерді жөндеу мен көтерме және бөлшек сауда көлемі	2018				2019			
	Барлығы	Шағын кәсіпорындар	Орта кәсіпорындар	ЖК	Барлығы	Шағын кәсіпорындар	Орта кәсіпорындар	ЖК
Қырғызстан	167 006,0	61 368,6	18 759,4	86 878,0	173 692,2	64 176,5	19 248,7	90 267,0
Баткен облысы	5 535,0	2 125,4	-	3 409,6	5 688,6	2 178,7	-	3 509,9
Жалал-Абад облысы	17 673,0	6 503,7	265,1	10 904,2	18 321,1	6 778,8	219,9	11 322,4
Ыстық-Көл облысы	5 134,6	2 213,0	231,1	2 690,5	5 266,6	2 285,7	242,3	2 738,6

Нарын облысы	2 321,4	522,3	76,6	1 722,5	2 422,7	554,8	77,5	1 790,4
Ош облысы	16 452,5	4 146,4	516,2	11 789,9	16 895,2	4 292,2	495,9	12 107,1
Талас облысы	4 237,8	1 479,0	101,7	2 657,1	4 421,6	1 547,6	110,5	2 763,5
Шу облысы	29 081,6	13 036,6	737,4	15 307,6	30 396,4	13 626,0	801,5	15 968,9
Бішкек қаласы	68 882,8	27 091,6	13 930,4	27 860,8	72 368,8	28 587,9	14 383,9	29 397,0
Ош қаласы	17 687,3	4 250,6	2 900,9	10 535,8	17 911,2	4 324,8	2 917,2	10 669,2

Дереккөз: Қырғыз Республикасының Ұлттық статистикалық комитеті.

Қызмет көрсету саласы. 2019 жылғы қаңтар-маусымда қонақ үйлер мен мейрамханалар ұсынған қызметтер көлемі 7,8 млрд.сомды құрады. Бұл ретте, жеке кәсіпкерлер көрсеткен қызметтердің үлесі олардың жалпы көлемінде 72,2%-ды, шағын кәсіпорындар – 20,4% -ды, орта кәсіпорындар-2,3%-ды құрады.

1.1.5-кесте. Қонақ үйлер мен мейрамханалар қызметінің көлемі, млн.сом.

Қонақ үйлер мен мейрамханалар қызметінің көлемі, млн. сом	2018				2019			
	Барлығы	Шағын кәсіпорындар	Орта кәсіпорындар	ЖК	Барлығы	Шағын кәсіпорындар	Орта кәсіпорындар	ЖК
Қырғызстан	7 527,5	1 607,3	176,4	5 743,8	7 827,9	1 683,7	190,6	5 953,6
Баткен облысы	387,1	139,4	-	247,7	412,4	156,7	-	255,7
Жалал-Абад облысы	756,9	297,5	15,1	444,3	791,4	320,5	11,9	459,0
Ыстық-Көл облысы	179,1	65,7	6,3	107,1	181,7	67,4	5,8	108,5
Нарын облысы	23,1	8,5	-	14,6	24,0	9,2	-	14,8
Ош облысы	552,1	256,7	0,6	294,8	553,1	261,1	1,1	290,9
Талас облысы	128,4	41,1	-	87,3	131,8	42,8	-	89,0
Шу облысы	613,4	196,9	-	416,5	636,4	190,9	0,0	445,5
Бішкек қаласы	3 850,5	158,5	133,5	3 558,5	4 011,6	169,9	139,4	3 702,3
Ош қаласы	1 036,9	443,0	20,9	573,0	1 085,5	465,2	32,4	587,9

Дереккөз: Қырғыз Республикасының Ұлттық статистикалық комитеті.

1.1.6-кесте. Ауыл шаруашылығы өнімдерін жалпы шығару көлемі, млн.сом.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін жалпы шығару көлемі, млн.сом.	2018				2019			
	Барлығы	Шағын кәсіпорындар	Орта кәсіпорындар	ЖК	Барлығы	Шағын кәсіпорындар	Орта кәсіпорындар	ЖК
Қырғызстан	28 676,7	28 061,2	304,7	310,8	32 445,5	31 735,3	352,7	357,5
Баткен облысы	2 107,3	2 099,4	1,6	6,3	2 425,3	2 416,0	1,9	7,4
Жалал-Абад облысы	7 485,9	7 463,3	7,5	15,1	7 800,5	7 763,7	11,0	25,8
Ыстық-Көл облысы	1 656,8	1 628,5	11,3	17,0	1 993,5	1 884,5	54,5	54,5
Нарын облысы	4 270,9	4 267,8	1,2	1,9	5 048,0	5 042,8	2,1	3,1
Ош облысы	3 619,3	3 564,1	33,1	22,1	4 222,4	4 156,9	39,3	26,2

Ауыл шаруашылығы өнімдерін жалпы шығару көлемі, млн.сом.	2018				2019			
	Барлығы	Шағын кәсіпорындар	Орта кәсіпорындар	ЖК	Барлығы	Шағын кәсіпорындар	Орта кәсіпорындар	ЖК
Талас облысы	1 923,7	1 914,0	5,8	3,9	2 093,1	2 073,4	11,8	7,9
Шу облысы	7 499,4	7 011,8	243,8	243,8	8 737,1	8 273,3	231,9	231,9
Бішкек қаласы	0,4	-	0,3	0,1	0,2	-	0,1	0,1
Ош қаласы	113,0	112,3	0,1	0,6	125,4	124,7	0,1	0,6

Дереккөз: Қырғыз Республикасының Ұлттық статистикалық комитеті.

Ауыл шаруашылығы. 2019 жылы қаңтар-маусым айларында ауыл шаруашылығында (шаруа (фермер) қожалықтарын қоса алғанда) қызметін жүзеге асыратын шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері 32,4 млрд. сомға өнім өндірді, бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 13,1%-ға артық. Шағын және орта кәсіпкерлік өнімінің жалпы шығарылымының құрылымында өнімнің 52,9%-н шаруа (фермер) қожалықтары өндірген.

Жеке кәсіпкерлерді қоса алғанда, шаруа (фермер) қожалықтары өндірген өнімнің жалпы көлемінен өсімдік шаруашылығы өнімінің үлесіне 27,0%, мал шаруашылығының үлесіне – 73,0% тиесілі.

Ағымдағы жылдың қаңтар-маусым айларында өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда ауыл шаруашылығы өнімдерін жалпы шығару көлемінің өсуі мал шаруашылығы өнімдерін өндірудің ұлғаюына байланысты болды.

1.1.7-кесте. 2019 жылдың бірінші жартыжылдығында Қырғызстан экономикасының негізгі салаларының өсу қарқынының өзгеруі.

	2019 жыл қаңтар-маусым
ЖІӨ млн. сом	232,5
ЖІӨ өсу қарқыны	106,4
Өнеркәсіптік өндіріс	105,4%
Ауыл шаруашылығы	102,7%
Құрылыс	104,3%
Қызмет көрсету саласы	104,3%
Өткен жылмен салыстырғандағы тұтыну бағасының индексі	99,6%

Дереккөз: Қырғыз Республикасының Ұлттық статистикалық комитеті.

2019 жылдың бірінші тоқсанында Қырғызстандағы шағын және орта кәсіпкерліктің дамуының сандық және сапалық көрсеткіштері қалай өзгергенін қарастырайық.

1.1.2. 2019 жылдың екінші тоқсанында Қырғызстанда шағын және орта кәсіпкерліктің дамуы

2019 жылдың қаңтар-маусым айларында Қырғыз Республикасының аумағында 11,5 мың кәсіпорын жұмыс істеді, оның ішінде 10,8 мыңы – шағын кәсіпорындар және 0,7 мыңы - орта кәсіпорындар. Бұл ретте жұмыс істеп тұрған шағын кәсіпорындардың 61%-дан астамы Бішкек қаласында өз қызметін жүзеге асырады.

1.1.8. кесте. 2019 жылғы қаңтар-маусымдағы аумақ бойынша жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілері.

Өңірлер	2018 қаңтар-маусым			2019 қаңтар-маусым		
	Барлығы	Шағын кәсіпорындар	Орта кәсіпорындар	Барлығы	Шағын кәсіпорындар	Орта кәсіпорындар
Қырғызстан	10 894	10 177	717	11 534	10 828	706
Баткен облысы	227	205	22	251	229	22
Жалал-Абад облысы	484	445	39	495	458	37
Ыстық-Көл облысы	478	433	45	499	449	50
Нарын облысы	265	249	16	230	213	17
Ош облысы	490	465	25	496	472	24
Талас облысы	269	261	8	274	264	10
Шу облысы	1 385	1 280	105	1 447	1 353	94
Бішкек қаласы	6 515	6 102	413	7 048	6 639	409
Ош қаласы	781	737	44	794	751	43

Дереккөз: Қырғыз Республикасының Ұлттық статистикалық комитеті.

2019 жылғы 1 шілдеге статистикалық бірліктердің бірыңғай мемлекеттік тіркелімінің дерекқорына енгізілген жеке кәсіпкерлердің саны 406,8 мыңды құрады және алдыңғы жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 2,7%-ға артқан.

1.1.9-кесте. 2019 жылдың бірінші жартысында ШОК-та жұмыспен қамтылған қызметкерлер саны

Жұмыспен қамтылған адамдар саны, мың адам	2018				2019			
	Барлығы	Шағын кәсіпорындар	Орта кәсіпорындар	ЖК	Барлығы	Шағын кәсіпорындар	Орта кәсіпорындар	ЖК
Қырғызстан	477,3	48,6	32,6	396,1	488,6	50,4	31,4	406,8
Баткен облысы	39,4	1,5	1,9	36,0	41,6	1,8	1,8	38,0
Жалал-Абад облысы	58,3	3,4	2,1	52,8	59,1	3,2	1,9	54,0
Ыстық-Көл облысы	50,1	2,7	2,3	45,1	51,0	2,8	2,2	46,0
Нарын облысы	27,7	1,5	0,8	25,4	27,7	1,2	0,8	25,7
Ош облысы	84,9	2,8	1,0	81,1	86,6	2,9	1,0	82,7
Талас облысы	14,6	1,2	0,4	13,0	15,0	1,2	0,4	13,4

Жұмыспен қамтылған адамдар саны, мың адам	2018				2019			
	Барлығы	Шағын кәсіпорындар	Орта кәсіпорындар	ЖК	Барлығы	Шағын кәсіпорындар	Орта кәсіпорындар	ЖК
Шу облысы	79,3	8,1	6,9	64,3	81,3	8,7	6,4	66,2
Бішкек қаласы	82,9	23,6	15,3	44,0	85,7	24,6	15,3	45,8
Ош қаласы	40,1	3,8	1,9	34,4	40,6	4,0	1,6	35,0

1.1.10. кесте. 2019 жылы II тоқсанда өнімді, тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатудан түскен түсім (жалпы кіріс), млн.сом.

2019 жылы 2 тоқсанда өнімді, тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатудан түскен түсім (жалпы кіріс), млн.сом.	2018			2019		
	Барлығы	Шағын кәсіпорындар	Орта кәсіпорындар	Барлығы	Шағын кәсіпорындар	Орта кәсіпорындар
Қырғызстан	48 313,5	27 973,4	20 340,1	54 471,2	35 299,2	19 172,0
Баткен облысы	446,7	223,8	222,9	569,8	217,9	351,9
Жалал-Абад облысы	2 572,2	1 391,2	1 181,0	3 143,8	2 359,3	784,5
Ыстық көл облысы	1 824,4	818,6	1 005,8	1 626,4	611,5	1 014,9
Нарын облысы	1 019,0	389,5	629,5	798,8	325,5	473,3
Ош облысы	1 367,3	898,3	469,0	1 767,8	1 472,8	295,0
Талас облысы	431,8	284,1	147,7	626,1	465,9	160,2
Шу облысы	7 552,3	3 954,4	3 597,9	9 912,3	5 504,4	4 407,9
Бішкек қаласы	30 642,2	18 234,6	12 407,6	33 966,3	22 701,0	11 265,3
Ош қаласы	2 457,6	1 778,9	678,7	2 059,9	1 640,9	419,0

Дереккөз: Қырғыз Республикасының Ұлттық статистикалық комитеті.

2019 жылғы қаңтар-маусымайларында шағын және орта кәсіпорындардың (шаруа (фермер) қожалықтарынан және жеке кәсіпкерлерінен) өнімді (тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түскен түсімі (жалпы табыс) 54,5 млрд.сомды, ал олардың экономиканың нақты секторы кәсіпорындарының түсім көлеміндегі үлесі 26,7%-ды құрады.

Түсімнің негізгі көлемі (34,0 млрд.сом немесе 62,4%) Бішкек қаласының шағын және орта кәсіпорындарына тиесілі. Өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда түсім көлемі 12,7%-ға немесе 6,2 млрд.сомға артты, және де өсімді шағын кәсіпорындар қамтамасыз етті.

1.1.3. 2019 жылдың бірінші жартысында Қырғызстанның сыртқы экономикалық қызметі

2018 жылғы қаңтар-маусым айларымен салыстырғанда 2019 жылғы қаңтар-маусым айларында республиканың экспорттық жеткізілімдерінің 9,1%-ға ұлғаюы алтын экспортының 1,6 есе өсуіне байланысты болды, оның үлесі 2018 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда экспорттың жалпы көлеміндегі 29,9%-дан 43,8%-ға артты.

Сондай-ақ жеткізу ұлғайды: ет және ет өнімдерін 3,1 есе, тыңайтқыштар – 2,9 есе, керамикалық бұйымдарды – 2,8 есе, темекі және темекі өнімдерін – 2,8 есе, көкөністерді – 1,7 есе, цементті – 46,3%-ға, жемістер мен жаңғақтарды – 32,1%-ға, сондай-ақ мақта талшықтарын – 7,4%-ға.

Сонымен қатар, мыс қалдықтары мен сынықтарын экспорттау көлемінің – 3,6 есе, киім мен киім керек-жарақтарының – 2,3 есе, аяқ киімнің – 2,0 есе, қара металдардың – 30,0%-ға, шикі мұнайдың – 20,3%-ға, шыны мен шыныдан жасалған бұйымдар экспортының – 7,7%-ға азаюы байқалды.

2018 жылғы қаңтар-маусыммен салыстырғанда былғарыдан жасалған бұйымдарды 2,7 есе, киім-кешектер мен оған керек-жарақтарды – 2,4 есе, химиялық жіптер мен талшықтарды – 1,7 есе, резеңке мен одан жасалған бұйымдарды – 15,2%, аяқ киімдерді – 1,6 есе, қант пен қанттан жасалған кондитерлік бұйымдарды – 30,8%, мұнай және мұнай өнімдерін – 21,4%, пластмасса мен одан жасалған бұйымдарды әкелу – 12,0%-ға төмендеген, осыған байланысты импорттық түсімдер көлемінің төмендеуі байқалады.

Сонымен қатар, әкелінетін көкөніс көлемі 1,8 есеге, сүрек және одан жасалған бұйымдар – 1,7 есеге, тыңайтқыштар – 48,3%, дәнді дақылдар – 43,0%, электр машиналары мен жабдықтары – 32,0%, керамикалық бұйымдар – 12,2%, қара металдардан жасалған бұйымдар – 12,1%, жемістер мен жаңғақтар – 3,5%, фармацевтикалық өнімдер – 2,8% өскені байқалды.

Республиканың ЕАЭО мүше-елдерімен өзара жасасқан сауда айналымы 2019 жылы 1445,2 млн. АҚШ долларын құрады және 2018 жылғы қаңтар-шілдемен салыстырғанда 9,5%-ға төмендеді.

ЕАЭО елдеріне экспорттық жеткізілімдердің 20,1%-ға төмендеуі, негізінен, трикотаж киімді 2,7 есе, мыс қалдықтары мен сынықтарын – 2,6 есе, автомобильдер үшін бөлшектер мен керек-жарақтарды – 23,9%-ға, мақта талшықтарын – 16,9%-ға, электр қыздыру шамдарын – 1,8 есеге жеткізудің қысқаруымен байланысты.

Сонымен қатар, кендер мен бағалы металдар концентраттары экспортының 15,5%-ға, сүт және сүт өнімдері – 36,2%-ға, жемістер – 39,5%-ға, көкөністер – 1,5 есе, сондай-ақ тоқыма киім экспорты – 1,6 есе өскені байқалды.


ЕАЭО елдерінен импорт түсімдерінің 6,1%-ға төмендеуі негізінен мұнай өнімдері түсімдерінің 22,4%-ға, темекі өнімдерінің – 26,2%-ға, тас көмірінің – 21,9%-ға, шоколад пен құрамында какао бар өзге де өнімдердің – 13,8%-ға, азот тыңайтқыштарының – 9,8%-ға төмендеуімен байланысты.

Сонымен қатар, дәнді дақылдар 43,9% мен қара металдардан жасалған бұйымдарды өткізуден түскен түсім 10,4%-ға өскені байқалды.


Республиканың ЕАЭО-ға мүше мемлекеттермен жасасқан өзара саудасының ең үлкен үлесі Ресейге (59,9%) және Қазақстанға (37,9%) тиесілі.

1-сурет. 2019 жылдың бірінші жартысында Қырғызстан экспорты мен импортының көлемі
 (өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда %)

Импорт көлемі




Экспорт көлемі




2-сурет. 2019 жылдың бірінші жартысында ЕАЭО елдеріне шығарылған экспорт пен әкелінген импорт көлемі. (өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда %)

ЕАЭО мүше елдерінен әкелінген импорт



ЕАЭО мүше елдеріне шығарылған экспорт



1.1.4. Кыргызстан Республикасында ШОК-ты мемлекеттік қолдау механизмі – 2019 жыл

Кыргызстан Республикасында кәсіпкерлік қызметті реттейтін мемлекеттік орган ҚР Экономика министрлігі.

1.1.1-қосымша

Кыргызстан Республикасының Экономика министрлігі

72002 Бішкек қ., Шу даңғылы, 106.

Тел.+996 (312) 62-05-90, +996 (312) 62-05-90

Кәсіпкерлік қызметті реттеу басқармасы

+996 (312) 62-49-85

e-mail: mail@mineconom.gov.kg; <http://mineconom.gov.kg/>

Реттеуді жүйелік талдау. Кыргызстан Республикасының Экономика министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) 2015 жылғы наурызда Кыргызстанда бизнесті жүргізуге және елдің экономикалық дамуына кедергі келтіретін тосқауылдарды анықтау үшін – «Реттеуді жүйелік талдау» атты реттеуші реформаны іске қосты.

Реформаның мақсаты - кәсіпкерлік саласындағы заңнамалық базаны оңтайландыру, Кыргызстандағы инвестициялық ахуалды түбегейлі өзгерту, сыбайлас жемқорлықты азайту және ұлттық және шетелдік инвесторлар үшін қолайлы жағдайлар жасау.

Реформаның мәні Кыргызстандағы кәсіпкерлік қызметті реттейтін қайталанатын, мағынасыз және неғұрлым проблемалық заңнамалық актілерден құтылу.

Реттеуші реформа жүргізуден Кыргызстан үшін басты пайда:

- әлеуетті инвесторлар, бизнес-қоғамдастық және жұртшылық үшін ҚР Үкіметі барлық мемлекеттік органдармен бірлесіп, тиімді әрі кең ауқымды реттеуші реформа жүргізетіні туралы қуатты саяси жолдау;
- кәсіпкерлік саласындағы заңнамалық база бизнес пен инвестициялар үшін неғұрлым қолайлы жағдай жасау үшін жеңілдетіледі және сыбайлас жемқорлық үшін мүмкіндіктерді қысқартады;
- мемлекеттік басқарудың неғұрлым қарапайым және тиімді жүйесін құру (қажетсіз функцияларды жоюды қайта қарау бойынша ұсынымдар болуы мүмкін);
- лауазымды тұлғаларға берілген аса күрделі ережелерді оңайлату және шектен тыс әрекет бостандығын шектеу жолымен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету;
- 34 іске қосылған мемлекеттік органдарда қазіргі заманғы үрдістермен қатар реттеушілік реформа жүргізу үшін арнайы оқытылған және тәжірибесі бар дайындалған сарапшылардың штаты құрылды;
- мемлекет пен бизнес арасындағы мемлекеттік-жеке меншік диалогын нығайту.

Кыргыз Республикасы Үкіметінің Кыргыз Республикасында шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту мен қолдау жөніндегі 2019-2023 жылдарға арналған бағдарламасы қабылданды.

Кыргыз Республикасының 2018-2040 жылдарға арналған ұлттық даму стратегиясында ел экономикасында шағын және орта бизнестің тұрақты және табысты дамуына, кәсіпкерлерді әкімшілік қысымнан қорғау қамтамасыз етілуіне, билік пен бизнестің әріптестік қарым-қатынасы орнатылуына, өзін-өзі реттеуді дамыту үшін нормативтік актілер қабылдануына, бизнес-ортаның жақсаруына, экономиканың түрлі салаларында, өңірлерде кәсіпкерлердің қызметін кеңейту үшін жағдайлар жасалуына және жұмыс орындары құрылуына қол жеткізуді мақсат етіп қойды.

Кыргыз Республикасы Президентінің 2019 жылғы 11 қаңтардағы №1 «2019 жылды Өңірлерді дамыту және елді цифрландыру жылы деп жариялау туралы» Жарлығымен төмендегілер белгіленді: «Өңірлердің эко-

номикалық дамуы үшін шағын және орта бизнес үшін қолайлы жағдай жасаудың маңызы зор. Кең инвестициялық мүмкіндіктер беру жаңа жұмыс орындарын құруға, ішкі және сыртқы көші-қон процестерін төмендетуге әкеледі. Қырғыз Республикасының Үкіметіне өңірлердегі шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау үшін жағдай жасау, инвестициялар тарту, өңірлердің экономикалық дамуына және жұмыс орындарын құруға бағытталған жобаларды несиелеу жөніндегі қаржы институттары мен қорлардың жұмысын жандандыру жөнінде шаралар қабылдау ұсынылды».

Қырғыз Республикасы Үкіметінің «Қырғыз Республикасын дамытудың 2018-2022 жылдар кезеңіне арналған «Бірлік, сенім, жасампаздық» бағдарламасында: «Шағын және орта бизнесті жүйелі дамытуды қамтамасыз ету мақсатында Үкімет қалаларда бизнес-инкубаторлар құру жолымен Қырғыз Республикасында шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі кешенді мемлекеттік бағдарламаны әзірлеп, іске асыратын болады. Өңірлерде және шалғайдағы елді мекендерде шағын және орта кәсіпорындарды дамытуға және қолдауға ерекше назар аударылатын болады», - делінген.

Кәсіпкерлердің мүмкіндіктерін кеңейту үшін мемлекеттік органдар мен кәсіпкерлер арасындағы дауларды шешу үшін «Қырғыз Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер енгізу туралы («Инвестициялар туралы», «Аралық соттар туралы», «Медиация туралы» заңдарға) Қырғыз Республикасы Заңының жобасы әзірленді. Бұл бизнеске инвестициялық дауларды шешудің баламалы тәсілдерін барынша белсенді пайдалануға мүмкіндік берді. Бизнес-омбудсмен институтын құру туралы ережелер қабылданды, қадағалаушы кеңес құрылды.

Ауыл шаруашылығы өндірісін дамытуға қолайлы жағдай жасау мақсатында Қырғыз Республикасының Салық кодексіне өзгерістер енгізілді. Бұл ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерді ауыл шаруашылығы кооперативтеріне біріктіру үшін ынталандыруды жақсартуға, ШОК-ты дамытуды қолдауға мүмкіндік берді. Негізгі экономикалық көрсеткіштердің өзгеруінің оң серпініне қарамастан, шағын және орта бизнесті (бұдан әрі – ШОБ) дамыту екі фактормен тежеледі: бұл басты ресурстарға, инфрақұрылымдарға және кәсіпкерлікті реттеудің ауыртпалықты мемлекеттік тарифтік және тарифтік емес нысандарына қол жетімділік.

2019 жылдың басында кәсіпкерлік субъектілеріне тексеру жүргізуге мораторий енгізілді. Сондай-ақ тәуекелдер негізінде салықтық тексерулер жүйесі енгізілді, бұл жоғары тәуекел деңгейі бар компанияларды жақсы анықтауға және жалпы кәсіпкерлерді тексеру санын азайтуға мүмкіндік берді. www.proverka.kg порталында кәсіпкерлермен кері байланыс тетігі енгізілген, ол кәсіпкерлерден кері байланысты алуға жән оларды өңдеуге мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта осы порталмен 13 Мемлекеттік бақылаушы орган жұмыс істейді. Дегенмен, кәсіпкерлер арасында жүргізілген сауалнамаға сәйкес бақылаушы органдардың қызметіне наразылықтар әлі де бар, және де бизнес-қауымдастықтың күн тәртібінен тексеру мәселесі түспейді, ал олардың нәтижелілігі күмән тудырады.

Инвесторлар үшін түрлі жеңілдіктер берудің ашықтығын қамтамасыз ету үшін инвестициялық қызметті ынталандырудың қолданыстағы режимін жақсарту мақсатында инвестициялық ынталандыру тізілімі әзірленді. Тізілім 78 фискалдық және фискалдық емес ынталандыруды және мемлекеттік басқарудың екі деңгейін қамтиды: республикалық және жергілікті билік деңгейлері.

Сонымен қатар, фермерлерге жеңілдетілген несие беру мен ауыл шаруашылығы техникасының лизингін қоса алғанда, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерді мемлекеттік қолдау шараларына үлкен көңіл бөлінді.

«Бизнесті жүргізу» рейтингінде Дүниежүзілік Банктің «Doing Business 2019» деректеріне сәйкес 2017-2018 жылдары елдің жалпы рейтингі жақсарып 77-орыннан 70-орынға көтерілді. Қырғызстан «Инвесторларды қорғау» көрсеткіші бойынша ТМД елдері арасында 2-ші, әлем бойынша 13 орында. Бизнесті тіркеу тек 2 рәсімді қарастырады, меншікті тіркеу жеңілдігі бойынша Қырғыз Республикасы әлем бойынша 11-ші орында.

Бөлім бойынша пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қырғыз Республикасының Ұлттық статистикалық комитеті .<http://www.stat.kg/ru/>.
2. Қырғыз Республикасының 2019 жылғы қаңтар-маусым айларындағы әлеуметтік-экономикалық жағдайы. Қырғыз Республикасының Ұлттық статистикалық комитетінің ай сайынғы шолуы. Бішкек, 2019.
3. 2019 жылғы қаңтар-маусым айларындағы Қырғыз Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштері
4. Қырғыз Республикасы Экономика министрлігінің ресми сайты – <http://mineconom.gov.kg/ru/>
5. 2019 жылға ЕЭК болжамы.

1.2.



Армения Республикасындағы
шағын және орта кәсіпкерліктің
даму көрсеткіштері



1.2.1. 2019 жылдың екінші тоқсанындағы Армения Республикасының макроэкономикалық жағдайы

Армения Республикасының Статистикалық Комитеті мен Экономика министрлігі 2019 жылдың қаңтар-маусым айларына елдің болжамды макроэкономикалық көрсеткіштерін жариялады.

Экономикалық белсенділік көрсеткіші* 2019 жылдың екінші тоқсанының қорытындысы бойынша 106,4%-ды құрады, **1.2.1-кестені қараңыз.**

1.2.1-кесте. 2019 жылғы қаңтар-маусым айларындағы Армения Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштері, ағымдағы бағалармен

Басты көрсеткіштер	2019 жыл қаңтар-маусым	2018 жылдың қаңтар-маусым айла- рымен салыстырғанда %
Экономикалық белсенділік көрсеткіші %	-	108.1
Өнеркәсіп өнімінің көлемі, млн. драм	178474.3	116.1
Құрылыс көлемі, млн. драм	35745.0	104.1
Сауда айналымы, млн. драм	281698.3	109.1
Қызмет көрсету көлемі, млн. драм	180963.9	114.9
Тұтыну бағаларының индексі%	-	101.7
Сыртқы сауда айналымы, млн. АҚШ доллары	691.3	113.0
Тауарлар импорты, мл. АҚШ доллары	235.5	119.5
Орташа айлық атаулы жалақы, драм	455.8	110.0
Экономикалық белсенділік көрсеткіші %	187280.0	108.0
Өнеркәсіп өнімінің көлемі, млн. драм	-	108.1
Объем промышленной продукции, млн. драмов	178474.3	116.1

Дереккөз: Армения Республикасының Статистикалық Комитеті.

* Экономикалық белсенділік көрсеткіші (ЭБК) ел экономикасында өнім шығарудың нақты көлемінің айлық өзгеруінің біріктірілме көрсеткіші болып табылады. Ол экономикалық қызметтің барлық түрлерін қамтиды және бастапқыда өткен жылдың орташа жылдық бағаларында есептеледі, бұл осы айда өндірілген өнімнің нақты көлемінің өткен айға және өткен жылдың тиісті айына қатысты өзгеруін анықтауға, сондай-ақ тізбекті индекстердің динамикалық қатарын құруға мүмкіндік береді. Әрбір ай үшін ол индекс түрінде бүкіл экономика үшін бірыңғай біріктірілме көрсеткіш болып табылады.

1.2.2-кесте. 2019 жылдың екінші тоқсанындағы Армения Республикасындағы экономикалық белсенділік көрсеткіші, %.

Уақыт кезеңі	өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда (%)	өткен кезеңмен салыстырғанда (%)
Сәуір	109.5	99.5
Мамыр	107.3	108.4
Маусым	103.4	108.2


Дереккөз: Армения Республикасының Статистикалық Комитеті.

Ең жоғары өсім қызмет көрсету саласында байқалады - 15,3%. Бұл сауданы есепке алмағанда (өсім – 8,9%). Бұл өсім туристік қызметтердің өсуі есебінен қамтамасыз етілген. Соңғы жылдары Арменияға келіп жатқан шетелдік туристер ағыны өсіп келеді. Арменияға биылғы жылдың бірінші жартыжылдығында өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда келген шетелдіктердің саны 14,4%-ға артқан. Бұл тек туристік маусымның басында ғана. 2018 жылы елге 1 651 782 шетелдік келді, бұл 2017 жылғы көрсеткіштен 10,5%-ға артық. 2019 жылдың соңында Арменияға келген шетелдік туристер саны 2 млн. адамға жетуі мүмкін деп күтілуде. Бұл даму тұтынушылардың маусымдық өсуі есебінен өсіп келе жатқан сұранысты қанағаттандыруға бағытталған өнеркәсіптік өнімнің (6,9%-ға) өсуіне оң әсерін тигізді. Өз кезегінде, өнеркәсіптің өткен жылға дейін тау-кен өнеркәсібінің жылдам өсуінсіз артуын ел экономикасы үшін жетістік деп санауға болады.

1.2.3-кесте. 2019 жылғы қаңтар-маусым айларының қорытындысын сипаттайтын негізгі көрсеткіштер

	Өлшем бірлігі	2019 жыл маусым	2019 жыл маусым 2018 ж маусыммен салыстырғанда %	2019 жыл маусым мамырмен салыстырғанда %	Қаңтар-маусым 2019 жыл	2018 жылғы қаңтар маусыммен салыстырғандағы 2019 жылдың қаңтар-маусым айлары %
Экономикалық белсенділік көрсеткіші	%	х	103.4	108.2	х	106.5
Өнеркәсіптік өнімдердің көлемі	млн. драм	167 388.4	112.8	106.3	900 500.2	106.9
Ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің көлемі	млн. драм	х	х	х	247 951.0	92.6
Құрылыс көлемі	млн. драм	33 666.7	100.6	115.9	131 003.2	104.7
Сауда айналымы	млн. драм	264 921.9	106.7	106.4	1 415 089.1	108.9
Қызмет көрсету көлемі (сауданы қоспағанда)	млн. драм	168 058.6	110.2	103.8	905 412.1	115.3
Тұтыну бағаларының индексі	%	х	102.5	98.1	х	102.0
Электр қуатын өндіру	млн квт. сағат	644.4	104.8	111.8	3 642.8	94.5
Орташа айлық атаулы жалақы	млн. драм	179 519	106.2	100.0	176 783	105.6
Сыртқы сауда айналымы	млн. АҚШ доллары	640.2	105.9	105.5	3 495.2	100.1
	млн. драм	306.4	х	х	1 691.6	х
Соның ішінде: Тауарлар экспорты	млн. драм	212.3	101.2	101.6	1 173.8	99.5
	млн. драм	101.6	х	х	568.0	х
Тауарлардың импорты	млн. драм	427.9	108.4	107.5	2 321.4	100.5
	млн. драм	204.8	х	х	1 123.6	х

1-сурет. 2019 және 2018 жылдары қаңтар-маусым айларында тауарлар өндірісінің негізгі көрсеткіштерінің өзгеруі, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда, %



2019 жылдың екінші тоқсанында Армениядағы экономикалық өсім 6,5%-ды құрады, бірінші тоқсанда тіркелген көрсеткіш 7,2%-ды құраған еді. Ведомствоның сайтында жарияланған мәліметтерге сәйкес, 2019 жылдың екінші тоқсанында Арменияның ЖІӨ ағымдағы бағамен 1,481 трлн. драмды құрады. Бұл ретте 2019 жылдың бірінші тоқсанында бұл көрсеткіш 1,242 трлн. драм болған.

Статистикалық комитеттің мәліметтері бойынша, екінші тоқсанда энергетика саласында 10%-ға, сауда және қызмет көрсету саласында 9%-ға, ал құрылыс саласында 0,9%-ға өсім тіркелді.

Сонымен қатар, статистикалық деректерге сәйкес, Армениядағы жан басына шаққандағы ЖІӨ 2019 жылдың екінші тоқсанында 500 294 драмды құрады, ол бірінші тоқсандағы көрсеткішпен салыстырғанда 81 151 драмға (2019 жылдың бірінші тоқсанында жан басына шаққандағы ЖІӨ 419 143 драмды құрады) өсті. Бұл ретте Армениядағы жан басына шаққандағы ЖІӨ долларлық баламасында есепті кезеңде 2019 жылдың бірінші тоқсанындағы \$860-пен салыстырғанда \$1 040 құрады.

Статистика комитеті жариялаған жедел мәліметтерге сәйкес, 2019 жылдың екінші тоқсанында ЖІӨ 1 трлн. 481,7 млрд. драмды құрады. ЖІӨ-нің өсуіне сауда және қызмет көрсету, өнеркәсіп секторлары ықпал етті, олар тиісінше 4,91; 1,82 және 0,06 пайыздық тармақты құрады. ЖІӨ-нің өсуіне ауыл шаруашылығы кері әсерін тигіді, ол - 1,01 пайыздық тармақты құрады.

2019 жылдың екінші тоқсанында ЖІӨ-нің ең үлкен үлесі сауда мен қызметтерге тиесілі болды, тиісінше ЖІӨ-нің 55%-ы немесе 814,3 млрд. драм, ал көлемі жағынан екінші сала - өнеркәсіп (ЖІӨ-нің 19%-ы, 278,5 млрд. драм). Ауыл шаруашылығының үлесі ЖІӨ-нің 10,6%-ын немесе 157,6 млрд. драм, ал құрылыс үлесі - 6,1%-ды немесе 91 млрд. драмды құрады.

2019 жылдың екінші тоқсанында өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда тұрғын үй құрылысы және қоғамдық тамақтану саласында ең көп өсім байқалды, ол 38%-ға жуықтады, ал тау-кен өндіру секторы шамамен 20%-ға өсті. Жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар 9%-ға өсті, өңдеу өнеркәсібі 9,5%-ға өсті, көтерме және бөлшек сауда 8%-ға өсті, қаржы және сақтандыру бизнесі 10,7%-ға артты. ЖІӨ-нің өсуін қолдайтын негізгі секторлардың ішінде тек ауыл шаруашылығы ғана 10,1%-ға төмендеді.

2019 жылдың бірінші тоқсанында экономикалық өсім өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 7,2% құрады.

1.2.4-кесте. 2019 жылдың екінші тоқсанындағы негізгі экономикалық көрсеткіштер.

	2019 ж. маусым	2019 жылдың маусым айы өткен жылғы осы кезеңмен салысты- рғанда (%)	Өткен кезеңмен салыстырғанда (%)
Экономикалық белсенділік көрсеткіші		103.4	108.2
Өнеркәсіп өнімінің көлемі, млн. драм	167388.4	112.8	106.3
Құрылыс көлемі, млн. драм	33666.7	100.6	115.9
Сауда айналымы, млн. драм	264921.9	106.7	106.4
Қызмет көрсету көлемі, млн. драм	168058.6	110.2	103.8
Тұтыну бағаларының индексі, %	-	102.5	98.1
Сыртқы сауда айналымы, млн. АҚШ доллары	640.2	105.9	105.5
Тауарлар экспорты млн. АҚШ доллары	212.3	101.2	101.6
Тауарлар импорты, мл. АҚШ доллары	427.9	108.4	107.5
Орташа айлық атаулы жалақы, драм	179519.0	106.2	100.0

Дереккөз: Армения Республикасының Статистикалық Комитеті.

1.2.2. 2019 жылдың екінші тоқсанында Армения Республикасында шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту.

Армения Республикасының ЕАЭО-ның басқа елдерінен айырмашылығы, Статистика комитетінің сайтында кәсіпкерлік бойынша бөлек бөлім бөлінбеген, кәсіпкерлік статистикасы салалар призмасы арқылы қаралады.

Орташа алғанда бір айда Арменияда 1000-нан астам жеке кәсіпкерлер және 600-ден астам кәсіпорындар жауапкершілігі шектеулі қоғам нысанында (ЖШҚ) тіркеледі.

Сарапшылар Арменияда, ЕАЭО-ның басқа елдеріндегі сияқты, тіркелген кәсіпкерлік субъектілері мен белсенді кәсіпкерлер саны арасындағы үлкен айырмашылық сақталатынын атап өтті.

Армениядағы мемлекеттік тізілімге сәйкес 2019 жылдың басында елде 180 000-ға жуық тіркелген салық төлеушілер болса, оның ішінде тек 106 596 (немесе 59,2%) белсенді салық төлейді.

Осы міндетті шешу үшін Армения Республикасының «2014 жылғы 1 қаңтарға дейін салық есептілігін табыс етпеген компанияларды жабу және жеке кәсіпкерлерді мемлекеттік тізілімнен алып тастау туралы» Заңы қабылданды, соның нәтижесінде 2019 жылғы 1 қаңтарға қарай 5400 компания жабылады, ол ШОК-тың келесі жылдардағы статистикасында көрініс табады.

1.2.3. Армения Республикасының 2019 жылғы екінші тоқсандағы сыртқы экономикалық қызметі.

1.2.5-кесте 2019 жылдың 2 тоқсанындағы Арменияның экспорты мен импорты

Тауарлар экспорты млн. АҚШ доллары/2019

Уақыт кезеңі	Нақты шама	өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда (%)	өткен кезеңмен салыстырғанда (%)
Сәуір	208.5	110.2	100.6
Мамыр	209.0	112.1	100.2
Маусым	220.6	105.2	105.6

Тауарлар импорты млн. АҚШ доллары/2019

Уақыт кезеңі	Нақты шама	өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда (%)	өткен кезеңмен салыстырғанда (%)
Сәуір	408.4	109.2	99.3
Мамыр	399.2	94.8	97.7
Маусым	428.0	108.4	107.2

Дереккөз: Армения Республикасының Статистикалық Комитеті.

1.2.4. 2019 жылдың бірінші жартысында Армения экономикасы бойынша талдамалық деректер

2019 жылдың бірінші жарты жылдығы қарама-қайшы үрдістермен ерекшеленді. Бір жағынан, бірқатар салаларды дамытудың оң тренді есебінен экономикалық белсенділіктің 6,5%-ға өсуі байқалады, алайда, екінші жағынан, кейбір салалар құлдырау санатында қалып отыр, бұл бүкіл экономиканың үдемелі дамуын тежейді.

Экономика дамуының маңызды индикаторы құрылыс саласы болып табылады. Бұл саладағы өсім бірінші жартыжылдықта 4,7%-ды құрады, бұл тұрғын үйге деген сұраныстың артқанын, сондай-ақ қонақ үй шаруашылығының дамуын көрсетеді.

Орташа айлық атаулы жалақы көрсеткіші 5,6%-ға өсті. Бұл армяндық биліктің табысы және ол Никола Пашиянның әкімшілігінің билікке келгеннен кейін көлеңкелі жұмыспен қамтудың қысқаруына байланысты.

Қозғалтқыштары жеке компаниялар және ақпараттық технологиялар, туризм, жеңіл және тамақ өнеркәсібі өндірісі, зергерлік бұйымдар өндірісі және т.б. саласындағы бірлескен жобалар болып табылатын қалыптасқан оң трендтер жалпы Арменияның экономикалық дамуының келешегіне оң көзқарасты қалыптастырады.

Армения экономикасындағы қазіргі жағдайды талдай отырып, оны 2018 жылғы Барқыт революциясы ерекше күйзеліске ұшыратпағанын және жоғарыда көрсетілген экономика салаларында үкімет пен сыртқы серіктестермен бірлескен жобалар берген инерция бойынша өсу жалғасып жатқандығын көреміз.

Арменияның қаржы жүйесі тұрақты болып қала береді, бірақ оған бірінші кезекте әлемдік нарықтағы екіұштылық әсер етеді. Ішкі экономикадан шыққан тәуекелдерді болжау оңай болып тұр. Арменияда бүгінгі күні 22 банк, 33 кредиттік және 6 сақтандыру компаниясы жұмыс істейді. Ұлттық валютадағы кредиттер мен салымдардың үлесі ұдайы өсуде. Арменияның Орталық Банкінің деректері бойынша банк жүйесіндегі қолданыстағы несиелер жиынтығында \$6,3 млрд. құрады оның 47%-ға жуығы армян драмына тиесілі. Ағымдағы жылдың бірінші жартыжылдығында армян банктерінің таза табысы шамамен 80 млн. долларды құрады, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 4%-ға артық. Бұл өсімнің халықтың банктерге деген сенімін айғақтайтынын, пайданың қомақты үлесін халықтың салымдары қамтамасыз ететінін ескерген жөн. Екінші жағынан, азаматтар өз қаражатын инвестициялау үшін өзге салалар мен бағыттарды көрмегендіктен өз жинақтарын банкке салады. 2018 жылы Арменияға ақша аударымдарының ағыны \$1785,6 млн. құрады және 1,6%-ға өсті. Сонымен қатар капиталдардың кетуі \$ 1,188,3 млн. құрады. Бұл дегеніміз, өткен жылы Армениядан сыртқа шыққан капитал көлемі ұлғайып, елдің әлеуметтік-экономикалық ахуалына оң әсерін тигізе қоймады. Капиталдың келуі мен кетуінің алғашқы айларының көрсеткіштері бар, алайда бұл сала туралы қорытынды жасауға әлі ертерек. Қорытынды дұрыс болуы үшін жыл соңында ұсынылатын деректерді күту қажет.

Биылғы жылы Арменияға құйылған барлық инвестициялардың 51%-ы Ресейге тиесілі. Экспорттың ең үлкен өсімі ЕАЭО бағытында және бірінші кезекте Ресейге шыққан. Ресейлік ресми деректер бойынша, тұрақты негізде Ресейде 491 мың Армения азаматы тұрып жатыр. Арменияға түсетін барлық трансферттердің 64%-ы Ресейден. Сонымен қатар, соңғы айларға келесі үрдістер тән: РФ аумағындағы Армения азаматтарының саны биыл төмендеді. Ресейде көші-қон есебіне қойылған Армения азаматтарының саны азайды. Көші-қон есебінен шығарылған Армения азаматтарының саны артты. Ресей азаматтығын алған Армения азаматтарының саны төмендеді (бұл жағдайда көші-қон көрсеткіші бірнеше жылға артта қалған). Арменияның шекаралық қиылыстарының сальдосы жақсарды. Проф. Т. Манасерян Армениядан көшіп кету айтарлықтай қысқарды, және бұл үрдіс әлі де жалғасуда деп санайды. Ол сондай-ақ Армения билігінің ауысуымен және жалпы халықтың жақсылық күтуімен, соңғы үш жыл ішінде экономикалық жағдайдың кейбір жақсаруымен, сондай-ақ Армения азаматтарына дамыған елдерде баспана бермеуімен түсіндіріледі, себебі Армения енді қауіпсіз ел болып саналады.

Фискалдық органдар 2019 жылдың бірінші жарты жылдығында бұрын премьер-министр мәлімдеген салық кірістерінің өсімін қамтамасыз етті. 2019 жылғы қаңтар-маусымда мемлекеттік қазынаның салық кірістерінің нақты орындалуы бағдарламалық көрсеткіштен 67,9 млрд. драмнан асып түсті, ал нақтыланған көрсеткіш 62,7 млрд. драмнан асып, 713,4 млрд. драмға жетті.

Бүгінгі экономикадағы теріс үрдістер туралы

2019 жылдың бірінші жартыжылдығында тауар айналымының өсімі тіркелген жоқ. Тауар айналымының өсуі тоқтады, экспорт көлемі 0,5%-ға қысқарды, ал импорт - 1%-ға өсті. Зерттеудің осы бөлігінің авторлары 2016 және 2017 жылдары экспорттың екі таңбалы өсуі экспорттың қалпына келуімен байланысты болды деп санайды. 2015 жылы экспорттың қорытынды деректері Ресей (-31%), Қазақстан (-42%), Беларусь (-26%) үшін теріс болса, ЕО үшін оң (12,3%) болды. 2015 жылы Арменияның экспорты тек 4%-ға қысқарды. Дегенмен құрылымдық қысқартулар айтарлықтай болды. Елдің ЕАЭО-ға мүше болуы 2016, 2017 және 2018 жылдары экспорттың екі таңбалы өсуін ынталандырды. Ресейге шығатын экспорт екі еседен асты. Бұл қалпына келтіру өсімі - орта мерзімді құбылыс және экспорт өсімінің баяулауы 2018 жылдың соңында байқала бастады. Бірақ бұл экспортты қысқарту себептерінің бірі ғана. Екінші себеп - тау-кен өндіру саласының қысқаруы. Кен мен металдар негізінен Еуропалық одаққа жеткізіледі. 2019 жылы Армениядан ЕО-ға шығарылатын экспорт 2018 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 24%-ға қысқарды. 2018 жылдың қараша айында экспорттың қысқаруы анық көрінді, Алаверда қаласындағы мыс балқыту зауыты жабылды. Арменияның бұл ескі өнеркәсіптік объектісі қоршаған ортаға зиян келтіргені үшін айыппұл салу мәселесі бойынша ел билігімен қақтығыс салдарынан жабылды. Сол кезде зауыт тоқтап, 500 қызметкер жұмыссыз қалды. Бұл зауыт ел экспортының 3,5%-ын қамтамасыз етіп тұрған болатын. Осы себепті 2019 жылдың бірінші тоқсанында өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда мыс экспорты шамамен 10 есеге қысқарды. Осы кезеңде кен экспорты 7,2%-ға қысқарды. Мұнда экономиканың тұрақты және ұзақ мерзімді дамуы үшін тау-кен саласын қысқартуды теріс құбылыс деп санауға болмайды, себебі алдыңғы орында өңделген өнім өндірісі мен оның экспорты тұр. Тау-кен саласы - бірінші кезеңдерде экономиканың тұрақты дамуы үшін маңызды сала. Осы негізде тез арада өңделген, қайта өңделген түпкілікті өнімге ие болуға мүмкіндік беретін жаңа өндірістер құрудың маңызы зор. Қазіргі уақытта жаңа биліктің алғашқы міндеті - қайта өңдеу кәсіпорындарын енгізуді ынталандыру үшін жаңа мүмкіндіктер табу. Осы тұрғыдан алғанда, бірқатар сарапшылар Салық кодексіне кейбір өзгерістер енгізуді, атап айтқанда, Ресейдегідей шикізат экспорты үшін кедендік баж салығын енгізуді ұсынады.

Дайын өнім экспортының, әсіресе тоқыма өнеркәсібіндегі экспорттың 15%-ға қысқаруы алаңдатпай қоймайды. Оның себебі - Ресей рублінің құнсыздануы. Айта кетейік, тоқыма өнеркәсібі соңғы бірнеше жылда елеулі өсімді қамтамасыз етіп, өнеркәсіптің жетекші салаларының бірі болған еді. Бұл саланың өнімі негізінен Ресейге жеткізіледі.

Есепті кезеңде ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі 8,1%-ға қысқарды. Бір қызығы, тура осы уақытта жемістер мен көкөністердің экспорты өте үлкен өсім көрсетті - 18%. Сондықтан, ауыл шаруашылығы алқаптары мен өндіріс көлемінің біртіндеп қысқару себептерін анықтау керек. Еуразиялық Сараптама клубы сарапшыларының пікірінше, саланы басқарудағы тиімділіктің тапшылығынан, сондай-ақ өнімділіктің төмен деңгейінен басқа, алынған нақты нәтижелерді толық ескермеумен бірге ауыл шаруашылығындағы көлеңкелі экономиканың үлкен үлесі маңызды себептердің бірі болып қалып отыр. Үкімет ауыл шаруашылығы саласының құлдырауын және негізінен ауыл халқының қысқаруы мен кетуін тоқтату үшін кешенді шаралар қабылдауы қажет. Сонымен қатар, екінші жарты жылдықта жақсы өнімді ескере отырып, осы агроөнеркәсіп саласы жақсарады деп болжам жасауға әбден болады.

Электр энергиясын өндіру саласында да құлдырау байқалады - 5,5%. Энергетика Армения экономикасының бәсекеге қабілетті салаларының бірі болғанымен, проф.Т. Манасерянный пікірінше, елдің энергетикалық қауіпсіздігі айтарлықтай жақсартуды қажет етеді. Ең алдымен әртараптандыру қажет. Оған Ереван ЖЭС жаңа блогын салу, Армян АЭС жаңғырту (Ресей несиесі шеңберінде), сондай-ақ Иран, Армения, Грузия және Ресейді байланыстыратын Солтүстік-Оңтүстік электр энергетикалық дәлізін қалыптастыру ретінде қол жеткізуге болады. Бұл жүйе төрт ел арасындағы өзара ағындарды ұлғайтып, Арменияның көліктік-энергетикалық қоршауын бұзуға мүмкіндік берер еді. Мұнда сондай-ақ, жыл соңына дейін энергетикалық салада көрсеткіштердің біршама жақсаруын күтуге болады.

Бірінші жарты жылдықтың нәтижелерін зерттеуді қорытындылай келе, Еуразиялық Сараптама клубы Арменияның экономикасы субъективті және көп жағдайда объективті сипатқа ие көптеген оң және теріс үрдістер жағдайында дамып жатқандығын атап өтті. Біздің сарапшыларымыз еліміздің экономика басқармасының әртүрлі буындары арасында келісілген іс-әрекеттердің жоқтығы байқалып отыр деген пікірмен келіседі. Барқыт революциясынан кейін бір жыл өтсе де ел билігінің сарапшылар қауымдастығымен байланысы әлі анықталмаған. Сонымен қатар, әкімшілендіруді күшейту, сыбайлас жемқорлыққа және көлеңкелі экономикаға қарсы күрес, сондай-ақ армян экономикасының бірқатар бәсекеге қабілетті салаларын дәйекті дамыту елдің ұзақ мерзімді экономикалық дамуындағы оң өзгерістер болмақ.

Қысқа мерзімді перспективада экономикалық процестерді қатаң реттеу шаралары экономикаға теріс әсер етеді, алайда тиімді іске асыру жағдайында экономиканы қайта ұйымдастыруды қамтамасыз ете алады, бұл экономикалық көрсеткіштердің жақсаруына әкеледі. Сондықтан тұрақты оң даму бағытында қозғалысты қамтамасыз ететін нақты жоспарланған жүйелі тәсіл қажет.

2019 жылдың бірінші жартыжылдығында экспорт өсімі 2018 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда өскен жоқ, 2019 жылы экспорт үшін қорытынды болжам оң болады деп күтілуде. Олардың болжамы бойынша сыртқы жағымсыз факторлар мен басқарушылық шешімдерге байланысты Армениядан шығатын экспорт 2,5%-дан 6%-ға дейін өсімді тіркей алады. Жыл қорытындысы бойынша экономикалық белсенділік индексі $4 \pm 2\%$ құрауы мүмкін. Шамамен ЖІӨ өсімі де осындай болуы мүмкін. Алайда, ол өткен жылдың деңгейінен біршама төмен болуы да мүмкін (5,2%).

1.2.5. 2019 жылы Армения Республикасында ШОБ-ті мемлекеттік қолдау және экономиканы реттеу шаралары

Армения Республикасының шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту саясатын Армения Республикасы Экономикалық даму және инвестициялар министрлігі жүзеге асырады.

2.1.1-кірістірме

Армения Республикасы Экономикалық даму және инвестициялар министрлігі Шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту департаменті.

Байланыс нөмірі:

Тел. (+374 11) 59-71-35.

E-mail: korgevorgyan@mineconomy.am

<http://www.mineconomy.am/hy/86>

Іскерлік ортаны жақсарту. Армения Республикасының экономикалық дамуында басты рөл атқаратын маңызды алдын ала жағдайлардың бірі іскерлік және инвестициялық ортаны жақсарту болып табылады. Оған жетуде Армения Республикасының үкіметі Арменияда кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеудің, әкімшілік қызметтер мен реттемелердің, тең бәсекелік жағдайлар қалыптастыру, кәсіпкерлікке әсер ететін дамыған нарықтық инфрақұрылым, сондай-ақ теңгерімді салықтық және кедендік саясатты жүргізу сынды қарапайым, ашық және аз шығын шығарылатын ортаны қалыптастыру мақсатын қойды.

Басқаруды реттеу. Армения Республикасының экономикалық дамуындағы негізгі бағыттарын әзірлеумен байланысты негізгі міндеттер – құқықтық актілерді әзірлеу барысында реттеу әсерін бағалайтын (әрі қарай – РӘБ) инструменттерін енгізуді қамтамасыз ету. Армения Республикасының құқықтық актілерінде РӘБ енгізу Армения Республикасының «2008 жылғы құқықтық актілер туралы» заңындағы тиісті өзгертулер енгізілгеннен кейін, 2011 жылғы 1 қаңтарда заңды күшіне енген құқықтық актілер жобаларындағы әсер ету бағасы бойынша жұмыстарды жүргізудегі міндетті талаптар белгіленуімен анықталды.

Арменияның РӘБ енгізу үрдісінде «Армения Республикасының Экономика министрлігіне ықпалдасу: басқаруды реттеу/Стандартты шыңыстар моделі» TWINNING бағдарламасының шарты бойынша, Еуропа-лық одақ-Армения ынтымақтастығы аясында көмек көрсетілді. Армениядағы бағдарламаның бенефициары болып Армения Республикасының Экономикалық даму және инвестициялар министрлігі тағайындалды, ал бағдарламаның жүзе асырылуындағы техникалық қолдауды HAUS (<http://www.haus.gi/en>) мемлекеттік басқару фин институты көрсетті.

Бөлім бойынша пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Армения Республикасының статистика комитеті. <http://www.armstat.am/ru>.
2. Арменияның ауыл шаруашылығы. Арменияның Ауыл шаруашылық министрлігі. <http://minagro.am/ru>.
3. «ШОК саласындағы Арменияның мемлекеттік саясатын реформалаудың мониторингі» ЭЫДҰ есебі (2017 желтоқсан, Париж, Франция).
4. Арменияның Бизнес тізілімі – <https://www.e-register.am/ru/>
5. ЕЭК 2019 жылғы қаңтардағы есебі. <http://www.eurasiancommission.org/ru>.

1.3.



Беларусь Республикасындағы
шағын және орта кәсіпкерліктің
даму көрсеткіштері



1.3.1. Беларусь Республикасындағы 2019 жылдың екінші тоқсанындағы макроэкономикалық жағдай

Беларусь Республикасының 2019 жылдың 6 айындағы ЖІӨ ресми статистика мәліметі бойынша 72,5 млрд белорусстық рублін құрады және 1,3%-ға (салыстырмалы бағада) ұлғайды, **2 суретті қараңыз.**

2-сурет. Беларусь Республикасының 2019 жылғы 6 айдағы ЖІӨ.



ЖІӨ салыстырмалы бағада
(қаңтар-желтоқсан 2018 жыл)

101,3%
(қаңтар-шілде 2018 = 100%)



ЖІӨ ағымдағы бағада
(қаңтар-шілде 2018 жыл)

72,5 млрд.
белорусстық рубль

Дереккөз: Беларусь Республикасының Ұлттық статистика комитеті.

Беларусь Республикасының экономикасындағы негізгі салалардың 2019 жылғы қаңтар-маусымдағы өсу қарқыны **1.3.1-кестесінде келтірілген**

1.3.1-кестесі 2019 жылдың бірінші жартыжылдығындағы экономикалық қызмет түрлері (ағымдағы бағада; млн. рубль) бойынша өндіру әдісі бойынша жалпы ішкі өнім.

2019 жылдың бірінші жартысында негізгі экономикалық қызмет түрлері бойынша Жалпы ішкі өнім және Жалпы қосымша құн.

	2019 ж. бірінші жартысы		
	Ағымдағы баға		2018 ж. бірінші жарты жылдығындағы % (салыстырмалы бағада)
	млн. рубль	ЖІӨ %	
Жалпы ішкі өнім	60 310,3	100	100,9
оның ішінде: жалпы қосымша құн	51 983,9	86,2	100,9
оның ішінде: ауыл, орман және балық шаруашылығы;	1 553,9	2,6	100,1
тау-кен өнеркәсібі;	469,4	0,8	101,0
өңдеу өнеркәсібі;	13 464,7	22,3	100,0
Электрэнергиясымен, газбен, ыстық су және ауа баптаумен жабдықтау;	2 014,9	3,3	98,5
Сумен жабдықтау, су жинау, өңдеу және қалдықты жою, ластануды жою қызметі;	466,1	0,8	101,0
құрылыс;	3 340,6	5,5	103,1
Бөлшек және көтерме сауда; автомобиль және мотоцикл жөндеу;	5 770,7	9,6	101,7
Көлік қызметі, қойма, пошта және жеткізу қызметі.	3 707,4	6,1	98,8
Азық-түлікке салынатын таза салық	8 326,4	13,8	100,8

Дереккөз: Беларусь Республикасының Ұлттық статистика комитеті.

1.3.1-кестесінде көрсетілгендей Беларусь Республикасының ЖІӨ құрылымында қызмет саласы басым - 56%, өндіріс саласы - 44% құрайды. Бұл экономиканың әртараптылығын және елдің шикізат тауарларының бағасынан тәуелсіз екенін көрсетеді.

Өнеркәсіп. Өнеркәсіп өндірісінің 2019 жылдың екінші тоқсанындағы жалпы көлемі өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 10% шамасында өсімді құрады. Өнеркәсіптің басқа да салаларында қарқынды өсу байқалады.

1.3.2-кесте. 2019 жылдың бірінші жарты жылдығындағы негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер.

	2019 жыл қаңтар-шілде	2019 жыл шілде	2019 жыл қаңтар-шілде, % 2018 жыл қаңтар-шілде	2019 жыл шілде % салыстырғанда		Анықтама 2018 қаңтар-шілде 2017 қаңтар-шілде ж. салыстырғанда
				2018 жыл шілде	2019 жыл маусым	
Жалпы ішкі өнім , млн. руб.	72 489,0	x	101,3	x	x	104,5
ЖІӨ бойынша еңбек өнімділігі¹⁾ , руб.	13 924,9	x	101,1	x	x	105,0
Ауыл шаруашылық өнімі (барлық санатты шаруашылықта), млн. руб.	9 190,6	2 968,1	105,6	118,6	206,2	106,1
Ауылшаруашылық ұйымдарында.	8 772,7	2 794,9	106,5	121,0	205,3	106,6
Ауыл шаруашылығы ұйымдарын- дағы мал шаруашылығы өнім- дерінің өндірісі , мың. т.						
Мал (өсіру) және құс (таза ет) өндірісі	994,1	142,9	98,4	98,5	100,8	100,6
Сүт өндірісі	4 166,9	634,7	99,9	100,03	102,3	101,3
Өнеркәсіп өнімі , млн. руб.	65 102,4	9 451,1	100,6	103,6	101,5	107,5
Кезең соңындағы дайын өнім қоры						
млн. руб.	4 904,7	x	x	x	x	4 188,02)
% , жалпы орташа өнеркәсіп өндірісі.	64,0	x	x	x	x	59,32)
Жалпы тиелген өнімдегі иннова- циялық өнімнің меншікті салмағы, %-да	16,2	x	x	x	x	19,22)
Негізгі капиталдағы инвестиция , млн. руб.	14 052,7	2 136,2	104,9	104,5	79,9	111,3
Құрылыс-монтаждау жұмыс- тары (құрал-жабдықтарды жөндеу жұмыстарын қосқанда)	7 009,2	1 063,3	103,6	101,9	82,4	107,9
Машина, құрал-жабдық, көлік құралдарын алуға кеткен шығындар.	5 572,2	852,3	109,5	110,9	75,5	122,2
Барлық қаржыландыру көздері есебінен тұрғын-үйді пайдалануға қосу , мың. шаршы. м жалпы көлем	1 850,7	145,7	100,7	91,4	31,4	87,7
мемлекеттік қолдау	470,5	31,4	103,0	72,6	26,7	146,8

Тасылған жүк, млн. т.	242,1	37,5	92,9	97,4	106,9	105,2
Жүк айналымы, млн. т. км.	74 330,1	11 204,6	93,2	98,3	109,2	104,9
Жолаушы тасымалы, млн. адам.	1 130,7	147,5	100,2	101,0	93,9	99,98
Жолаушы айналымы, млн. жолаушы, км	15 269,1	2 547,8	105,9	108,8	103,2	102,4
Көтерме сауда айналымы, млн. руб.	55 399,7	7 740,3	96,4	97,1	100,8	107,1
Бөлшек сауда айналымы, млн. руб.	27 708,6	4 269,7	105,2	104,1	101,3	109,2
Қоғамдық тамақтану сауда айналымы, млн. руб.	1 608,8	232,8	106,7	110,1	90,3	116,4

¹⁾ 2019 жылғы I жартыжылдық; 2019 жылдың I жартыжылдығындағы %-дық көрсеткіш 2018 жылдың I жартыжылдығымен салыстырғанда; анықтама: 2018 жылдың I жартыжылдығындағы %-дық көрсеткіш 2017 жылғы I жартыжылдықпен салыстырғанда.

Дереккөз: Беларусь Республикасының Ұлттық статистика комитеті.

Ауыл шаруашылығы. Беларусь Республикасында 2019 жылдың бірінші жартысында барлық шаруашылық түрлерінде ауыл шаруашылық өнімдерінің өндірісінде өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 6,5% өсім байқалады, 1.3.2. кестесін қараңыз.

Барлық ауыл шаруашылық өнімдерінің 81%-дан астамын ауылшаруашылық ұйымдары шығарған, оның ішінде шаруа (фермерлік) қожалықтар, өз кезегінде халықтың шаруашылығы өнімнің тек 19%-ын өндіреді, 1.3.2. кестесін қараңыз.

1.3.3-кесте. Көлік түрлері арқылы 2019 жылдың қаңтар-шілде аралығындағы жүк тасымалы..

	Жүк анылымы		Жүк тасымалының көлемі	
	2019 қаңтар-шілде, млн. тонна-шақырым	2019 қаңтар-шілде, % 2018 қаңтар-шілде салыстырғанда	2019 қаңтар-шілде, мың. тонна	2019 қаңтар-шілде % қаңтар-шілде 2018 ж. салыстырғанда
Көліктің барлық түрлері	74 330,1	93,2	242 094,7	92,9
оның ішінде:				
құбыр өткізу,	29 879,0	89,3	65 793,2	91,4
теміржол,	28 018,5	92,2	84 171,7	93,3
автокөлік,	16 380,6	103,6	90 955,5	93,5
әуе,	29,0	66,1	15,1	49,0
Ішкі су.	23,0	91,4	1 159,2	111,7

Дереккөз: Беларусь Республикасының Ұлттық статистика комитеті.

Жүк тасымалы құрылымында басты үлес автомобиль көлігінде – 38%; теміржол көлігі – 35%; құбыр тасымалы көлігі – 27%.

2019 жылдың 6 айындағы жоғары өсу қарқынын автомобиль көлігі көрсетуде, өсім көрсеткіші – 3,6%. Қалған барлық жүк тасымалы түрлерінде 8-ден 34%-ға сәйкесінше тұрақты төмендеу байқалады, **1.3.3-кестесін қараңыз.**

1.3.2. 2019 жылдың екінші тоқсанында Беларусь Республикасында шағын және орта кәсіпкерліктің дамуы.

2019 жылдың екінші тоқсанындағы қорытынды бойынша, Беларусь Республикасындағы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 351 531 бірлікті құрады, бұл 2018 жылдың 1 қаңтарындағы көрсеткіштен 5384 бірлікке көп, **1.3.4-кестесін қараңыз.**

1.3.4-кесте. Беларусь Республикасындағы 2018-2019 жж. Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері туралы мәлімет

	Саны, бірлік		Бюджетке төлемдерден түсім*, млн. рублей		Өңірлерден түсетін меншікті салмақ	
	01.01.2019	01.07.2019	2018 ж.	Қаңтар-шілде 2019 ж.	2018 ж.	Қаңтар-маусым 2019 ж.
Беларусь Республикасындағы шағын кәсіпкерлік субъектісі, барлығы	346 147	353 748	6 553,4	3 221,1	26,4%	24,7%
Минск қ.	115 029	117 104	4 110,1	2 039,0	32,6%	31,6%
Брест облысы	42 541	43 623	334,6	168,4	22,0%	21,6%
Витебск облысы	30 014	30 583	301,2	156,9	23,2%	20,2%
Гомельск облысы	36 833	37 573	355,2	167,5	13,6%	13,1%
Гродненск облысы	32 234	33 190	248,7	100,1	11,0%	7,8%
Минск облысы	57 945	59 386	888,5	438,0	26,5%	23,8%
Могилевск облысы	31 551	32 289	315,1	151,3	26,4%	25,1%
ұйымдар-шағын кәсіпкерлік субъектілері	104 847	103 660	6 019,8	2 938,6	24,2%	22,6%
Минск қ.	41 196	40 837	3 909,9	1 928,0	31,0%	29,9%
Брест облысы	9 963	9 859	270,6	135,6	17,8%	17,4%
Витебск облысы	8 427	8 385	260,8	135,7	20,1%	17,4%
Гомельск облысы	9 722	9 588	297,4	139,5	11,4%	10,9%
Гродненск облысы	7 812	7 741	204,9	77,0	9,1%	6,0%
Минск облысы	19 507	19 090	811,8	397,4	24,2%	21,6%
Могилевск облысы	8 220	8 160	264,5	125,6	22,2%	20,8%
Шағын ұйымдар (16-дан 100 адамға дейін)	11 213	11 431	3 864,9	1 858,9	15,6%	14,3%
Минск қ.	4 221	4 275	2 568,5	1 228,0	20,4%	19,0%
Брест облысы	1 307	1 303	170,0	84,8	11,2%	10,9%
Витебск облысы	1 001	1 021	144,3	88,8	11,1%	11,4%
Гомельск облысы	996	1 051	188,6	94,2	7,2%	7,4%
Гродненск облысы	868	879	108,5	29,7	4,8%	2,3%

Минск облысы	1 943	2 028	519,2	257,7	15,5%	14,0%
Могилевск облысы	877	874	165,8	75,8	13,9%	12,5%
Шағын ұйымдар (15 адамға дейін)	93 634	92 229	2 154,9	1 079,7	8,7%	8,3%
Минск қ.	36 975	36 562	1 341,3	700,0	10,7%	10,9%
Брест облысы	8 656	8 556	100,6	50,8	6,6%	6,5%
Витебск облысы	7 426	7 364	116,5	46,9	9,0%	6,0%
Гомельск облысы	8 726	8 537	108,7	45,3	4,2%	3,5%
Гродненск облысы	6 944	6 862	96,4	47,2	4,3%	3,7%
Минск облысы	17 564	17 062	292,6	139,7	8,7%	7,6%
Могилевск облысы	7 343	7 286	98,7	49,8	8,3%	8,2%
Жеке кәсіпкерлер	241 300	250 088	533,5	282,5	2,1%	2,2%
Минск қ.	73 833	76 267	200,2	111,0	1,6%	1,7%
Брест облысы	32 578	33 764	64,1	32,8	4,2%	4,2%
Витебск облысы	21 587	22 198	40,3	21,2	3,1%	2,7%
Гомельск облысы	27 111	27 985	57,9	28,0	2,2%	2,2%
Гродненск облысы	24 422	25 449	43,8	23,1	1,9%	1,8%
Минск облысы	38 438	40 296	76,7	40,6	2,3%	2,2%
Могилевск облысы	23 331	24 129	50,5	25,8	4,2%	4,3%
Орта ұйымдар (101 ден 250 адамға дейін)	2 175	2 199	2 085,7	1 026,1	8,4%	7,9%
Минск қ.	511	517	1 141,7	507,8	9,1%	7,9%
Брест облысы	316	318	153,9	80,9	10,1%	10,4%
Витебск облысы	248	240	34,5	34,7	2,7%	4,5%
Гомельск облысы	290	288	126,7	89,4	4,9%	7,0%
Гродненск облысы	183	197	118,9	61,3	5,3%	4,8%
Минск облысы	442	447	434,0	186,3	12,9%	10,1%
Могилевск облысы	185	192	76,1	65,6	6,4%	10,9%

* салық органдары қадағалайтын төлемдер бөлігінен түсетін түсімдер

Ескертпе: мәліметтерді жалпыламалауға байланысты қорытынды сомадағы кішігірім ауытқулар.

Дереккөз: Беларусь Республикасының Ұлттық статистика комитеті

Айтарлықтай өсу көрсеткішін жеке кәсіпкерлер (+4917 бірлік) қамтамасыз етуде, орта кәсіпкерлік субъектісіреспублика бойынша өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 14 бірлікке қысқарған.

1.3.3. Беларусь Республикасының сыртқы экономикалық қызметі

Экспорт белорусстық экономикасының дамуындағы негізгі басымдықтың бірі болып табылады. Экспорт экономиканың құрылымында жалпы ішкі өнімнің жартысынан көбін құрайды. Сондықтан да елдегі экономиканың тұрақты өсуін қамтамасыз ететін негізгі көз болып табылады.

Беларусь экономикасының дамуы жылдарында жалпы экспортты ынталандыру мен қолдау жүйесін мемлекеттік қолдау қалыптасты. Бұл тиімді халықаралық тәжірибеге негізделіп жүргізілді. Бұл жүйе үнемі даму да және жетілдіріліп отыруда, жаңа тиімді механизмдерді енгізуге барлық жағдайлар жасалуда.

Беларусь Республикасының Сыртқы саудасы әлемдік сауданың дамуындағы дағдарыстан кейінгі қандайда бір құрылымдық тарнсформациядан өтті. Қазіргі уақытта экспорт құрылымында ңылыми және жоғары технологиялық өнім үлесін арттыру, жаңа нарықтарға өнім жеткізудің әртараптылығы бағытын арттыру қолға алынған.

Беларусь Республикасы дәстүрлі түрде көп бағытты сыртқы экономикалық саясатты жүзеге асырады, көптеген шет елдермен сыртқы сауда келісімдерін қолдауда, халықаралық интеграциялық процесстерге белсенді түрде атсалысуда.

Экспорттық қызметті жүзеге асыруда елеулі әсер ететін жағдайлар – Беларусь Республикасының Ресей мен Қазақстан елдерімен Кедендік одақтағы тығыз байланысы, бірыңғай экономикалық кеңістікті қалыптастыруға, ДСҰ кіруге ұмтылысы, сыртқы саудадағы түбегейлі өзгерістерге әсер етуде.

1.3.5-кесте. БР 2019 жылдың бірінші жартысындағы сыртқы саудасындағы негізгі көрсеткіштері.

Беларусь Республикасы тауарларының сыртқы саудадағы теңгерімі

(млн. АҚШ доллар; ағымдағы бағада)

	2018 қаңтар-маусым	2019 қаңтар-маусым	2019 қаңтар-маусым % 2018 қаңтар-маусым	Анықтама (нақтыланған мәлімет бойынша)	
				2018 қаңтар-ма- мыр	2019 қаңтар-ма- мыр % 2018 қаңтар-ма- мыр
Тауарлар сыртқы саудада – барлығы					
айналым	35 433,9	34 508,8	97,4	28 684,7	98,1
экспорт	16 573,1	15 890,4	95,9	13 140,9	96,0
импорт	18 860,8	18 618,4	98,7	15 543,8	99,9
сальдо	-2 287,7	-2 728,0		-2 402,9	
ТМД елдері					
айналым	20 891,2	20 316,3	97,3	16 739,1	97,3
экспорт	8 944,1	8 962,2	100,2	7 271,4	99,0
импорт	11 947,1	11 354,1	95,0	9 467,7	96,0
сальдо	-3 003,0	-2 391,9		-2 196,3	
ЕАЭО мүше-мемлекеттер					
айналым	18 018,8	17 324,1	96,1	14 306,1	96,1
экспорт	6 862,7	6 890,3	100,4	5 597,2	98,7
импорт	11 156,1	10 433,8	93,5	8 708,9	94,5
сальдо	-4 293,4	-3 543,5		-3 111,7	

	2018 қаңтар-маусым	2019 қаңтар-маусым	2019 қаңтар-маусым % 2018 қаңтар-маусым	Анықтама (нақтыланған мәлімет бойынша)	
				2018 қаңтар-ма- мыр	2019 қаңтар-ма- мыр % 2018 қаңтар-ма- мыр
Ресей Федерациясы					
айналым	17 510,5	16 744,4	95,6	13 871,1	95,8
экспорт	6 418,2	6 399,3	99,7	5 231,7	98,5
импорт	11 092,3	10 345,1	93,3	8 639,4	94,3
сальдо	-4 674,1	-3 945,8		-3 407,7	
ТМД елдерінен тыс					
айналым	14 542,7	14 192,5	97,6	11 945,6	99,2
экспорт	7 629,0	6 928,2	90,8	5 869,5	92,4
импорт	6 913,7	7 264,3	105,1	6 076,1	106,7
сальдо	715,3	-336,1		-206,6	
Еуразиялық одақ елдері					
айналым	8 730,5	7 747,7	88,7	6 490,9	89,3
экспорт	5 294,1	4 308,4	81,4	3 631,1	81,9
импорт	3 436,4	3 439,3	100,1	2 859,8	101,0
сальдо	1 857,7	869,1		771,3	

Дереккөз: Беларусь Республикасының Ұлттық статистика комитеті

Мұнай өңдеу өнімдері, калий тыңайтқыштары, жүк автомобильдері, темірден жасалған өнімдер, тракторлар, шиналар, сүт және ет өнімдері және ағаштан жасалған материалдар маңызды экспорттық тауарлар болып табылады.

Импортта едәуір орын алатыны энергоресурстар (мұнай және табиғи газ), шикізат, материалдар мен құраушы бөліктер (металлдар мен олардан жасалған бұйымдар, химия өндірісіне арналған шикізат, машина бөліктері), технологиялық жабдықтар.

Беларусь Республикасының негізгі сауда әріптесі – Ресей, оның үлесін жарты жылда 40,3% беларусьтық экспорт және 55,6% импорт құрауда.

Сауда айналымында екінші орын Еуропа одағына тиесілі, оның үлесіне 27,1% беларусьтық экспорт пен импорттың бестен бір бөлігі тиесілі. Беларусьтық тауарлардың Еуроодақтағы импорттаушы елдер: Ұлыбритания, Польша, Германия, Литва, Нидерланд, Латвия, Бельгия, Норвегия.

ЕАЭО мүше-елдердің барлығына экспорт үлесі артқан: Арменияға - 43,9%, Қырғызстанға - 21,0%, Қазақстанға - 7,5%, Ресейге кішігірім азайған - 0,3%.

Латын Америкасындағы серіктестермен қарым-қатынас қарқынды дамуда – Бразилия, Куба, Эквадор, Азия елдерінде – Қытай, Үндістан, Вьетнам, Израиль, Корея, Жапония.

Қызметтер (төлем теңгерімінің әдіснамасы бойынша)

1.3.6-кесте. БР сауда динамикасы 2018-2019 жж. (млн. АҚШ доллары).

	2005	2014	2015	2016	2017	2018	1е жар- тыжыл 2019	2019 в % к 2018
Айналым	3483	13431	11013	11222	12616	14096	6887	102,6
Экспорт	2342	7820	6637	6831	7839	8721	4351	103,5
Импорт	1141	5611	4377	4390	4777	5375	2536	100,9
Сальдо	1201	2209	2260	2441	3062	3346	1814	

Экспорттың жалпы көлемінің жартысынан астамын көлік және компьютерлік қызмет алуда, басымдық рөлді сапарлар мен іскерлік қызметтер атқаруда.

Беларусь Республикасының саудадағы басты серіктесі Ресей (35% экспорт, 37% импорт) мен ЕО (34% экспорт, 40% импорт).

Беларусь Республикасының экспорты мен импортының сауда құрылымын 2019 жылы тауарлардың тең түрде бөлінісін көрсетуде. Осылайша экспорттың меншікті үлесін минералды өнімдер - 25,9% мен химия өнеркәсібі - 29,6%, машиналар, жабдықтар және көлік құралдары - 24,2%. құрауда.

1.3.4. 2019 жылы БР-да ШОБ-ты мемлекеттік қолдау және экономиканы реттеу шаралары

Беларусь Республикасындағы кәсіпкерлікті дамытуды мемлекеттік реттеуді Республиканың Экономика министрлігінде қызмет ететін Кәсіпкерлік департаменті жүзеге асырады, **1.3. кірістірмені қараңыз.**

1.3-кірістірме

БР Экономика министрлігінің Кәсіпкерлік департаменті

Пошталық мекенжайы: 220030, Минск қ., Берсона к-сі, 14

Тел.: +375(17)222-47-03 (қабылдау бөлімі);

+375(17)200-50-48; +375(17)222-64-44.

E-mail: d-business@economy.gov.by


http://www.economy.gov.by/ru/small_business-ru/

ШОК субъектілерін қаржыландыру көздері мен әдістері. Беларусь Республикасындағы шағын және орта кәсіпкерлік экономиканың әлеуетті дамушы секторы болып табылады. Оның үлесі үнемі артуда. Бұл қарқын «Беларусь Республикасындағы шағын және орта кәсіпкерлік» мемлекеттік бағдарламасы және мемлекетте қолайлы іскерлік ахуал мен бизнес жүргізуге жағдайды жақсартуға бағытталған басқа да шараларды жүзеге асыруға мүмкіндік жасайды.

Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттік-қаржы ресурстарына қолжетімділігін қамтама-сыз ету кәсіпкерлікті қолдаудың жалпы мемлекеттік саясатының басты бөлігі болып табылады.

Кәсіпкерлік субъектілерін қаржылай қолдау коммерциялық және коммерциялық емес құрылымдардың әртүрлі қаржыландыру түрлері мен әдістері, оның ішінде лизинг, кредит, грант және т.б. арқылы жүзеге асады, **3 суретті қараңыз.**

3-сурет. Беларусь Республикасындағы кәсіпкерлік субъектілерін қаржылай қолдау 01.01.2019 ж.



Дереккөз: Беларусь Республикасының Экономика министрлігі.

Барлық талаптар мен шарттар сақталған жағдайда ШОК тиімді қаржылай қолдау әдістерін таңдай отырып, келесі арнайы бағдарламаларға қатыса алады:

1. Кәсіпкерлерді қаржылай қолдаудың беларусстық қоры;
2. Облыстық атқарушы комитет және қалалық атқарушы комитет;
3. Банк-серіктестер арқылы даму банкі;
4. АСБ Беларусбанк;
5. Коммерциялық банктер;
6. Инновациялық қорлар;
7. Коммерциялық емес микроқарды ұйымдары және т.б.

«Жыл кәсіпкері» ұлттық байқауы. Беларусь Республикасының Министрлер кеңесінің 2016 жылғы 17 наурызда № 207 «Жыл кәсіпкері» Ұлттық байқауын әзірлеу және өткізу туралы Ережесін бекіткен.

Байқауды әзірлеу мен өткізудің негізгі мақсаты кәсіпкерлік бастаманы дамыту және халықтың іскерлік белсенділікті ынталандыру.

Байқау шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері арасында («Тұрақты табыс» аталымынан басқасы) өткізіледі, олардың жарғылық қорындағы мемлекет үлесі 50 пайыздан аспауы керек, төрт аталым бойынша:

1. табысты старт;
2. тұрақты табыс (бұл аталымда ірі кәсіпорындар қатысады);
3. өндірістегі тиімді бизнес;
4. қызмет саласындағы тиімді бизнес.

Байқауға қатысушылардың қызметіндегі басты көрсеткіш бойынша жыл сайын 28 жеңімпаз анықталады (әр облыс және Минск қаласы бойынша әр аталымда).

Импортты алмастыру. Импортты алмастыру – атаулы өнімдерді шығарушы отандық тауар өндірушілерді ынталандыру арқылы тауарлар мен қызметтердің рационалды импортына бағытталған мемлекеттік саясат, елде жаңа кәсіпорындар құру, оның ішінде осыған дейін импортталған, өнім шығаруды ұйымдастыру үшін шетелдік капиталдың қатысуы.

Беларусь Республикасындағы импортты алмастыру саясаты ішкі нарықта отандық тауарлардың үлесін кеңейтуді қарастырады. Бұл ретте, басты міндет - импорттық тауарлардың отандық баламасын алмастыратын, бәсекелестік ұлттық өндірісті дамыту болып табылады.

Бұл бөлімнің мақсаты – бизнесті дамытуға бағытталған импортты алмастыратын саясат, басқа да барлық мүмкіндіктер жайлы шағын және орта кәсіпкерлерді хабарландыру.

Кәсіпкерлікті инфрақұрылымдық қолдау. 2019 жылдың 11 мамырындағы жағдай бойынша республикада шағын және орта кәсіпкерлікті инфрақұрылымдық қолдау субъектілерінің желісі әрекет етеді. Ол кәсіпкерлікті қолдаудың 104 орталығы (одан кейін – орталық) және шағын кәсіпкерліктің 24 инкубаторынан (одан кейін – инкубатор) тұрады.

Бұл шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін экономикалық және ұйымдастыру қолдауды қамтамасыз ететін қызметті заңды тұлға, Орталық атқарады.

Орталықтар шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне ақпараттық, әдіснамалық және консультациялық кеңестер береді. Маркетингтік зерттеулер көрсетеді, қаржылай және материалдық-техникалық ресурстарды алуға, білікті мамандарды дайындауға, оқытуға, сондай-ақ осы субъектілердің қызметін жүзеге асыруға көмектеседі.

Инкубатор – шаруашылық жүргізетін, шұғыл басқаратын немесе басқа да арнайы жабдықталған кеңселер мен заңды түрде тауарлар өндіретін (жұмыстар атқару, қызмет көрсету), шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне қажетті үй-жайды қамтамасыз етуге және олардың қаржылай дербестігін алуға көмектесетін заңды тұлға болып табылады.

Инкубаторлар шағын кәсіпкерлік субъектілерін дамыту үшін оларға үй-жай және мүлікті бес жылдан аспайтын мерзімге ұсыну арқылы ұйымдастыру-экономикалық жағдайлар жасайды. Ақпараттық және консультациялық қызметтер көрсетеді, серіктестер іздеуге, қаржы ресурстарын алуға, сондай-ақ заңнамада рұқсат етілген және инкубатордың негізгі міндеттерін орындауға бағытталған басқа да қызметтерді жүзеге асыруға көмектеседі,

Көрме-жәрмеңке іс-шараларына кеткен шығындарды өтеу. Көрме-жәрмеңке іс-шараларға қатысуға кеткен шығындарды өтеу не болмаса оларды ұйымдастыру – көрме-жәрмеңкеге қатысушылар немесе ұйымдастырушы шағын кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты жүзеге асырылады. Өтеу ақысы оған қатысушының шығарған шығысының 50 пайызын көрмеге алған жалдау орны, кеткен жабдықтар, баспа өнімдерін басып шығаруға, жарнамаға, бұқаралық ақпарат құралдарына кеткен шығындарын өтеуге беріледі.

Көрме-жәрмеңкеге қатысуға кеткен шығыстардың бөлігін өтеуге арналған субсидиялар міндеттемелері орындалған және төленген шарттарға қатысты ұсынылады.

Егер көрме-жәрмеңкеге қатысуға кеткен шығыстар шетелдік валютада болса, оларды өтеу беларусстық рубльде мемлекеттік қаржылай қолдау түрін ұсынатын шешім қабылданған күннен бастап, Ұлттық банктің ресми бағамына сәйкес төленеді.

«Белресурстар» МҰ алаңында ШОК субъектілерінің өнім сатып алуы. Үкіметтің тапсырмасына сәйкес қазіргі уақытта Сауда министрлігі мен «Белресурстар» МҰ бірлесіп шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін шикізат пен отандық өндіріс материалдарымен қамтамасыз ету мәселесін қолға алуда.

Бөлім бойынша қолданылған әдебиеттер.







1. Беларусь Республикасының Ұлттық статистика комитеті. <http://www.belstat.gov.by>.
2. Беларусь Республикасы Экономика министрлігінің ресми сайты – https://www.economy.gov.by/ru/small_business-ru/.
3. «Беларусь Республикасының шағын және орта жеке меншік бизнесінің 2019 жылдағы жай-күйі» аналитикалық шолуы (Сауалнама нәтижесі) – <http://www.research.by/webroot/delivery/files/sr2018r02.pdf>.
4. Беларусь Республикасының Салық және алымдар министрлігінің мәліметтері – <http://www.nalog.gov.by/ru/svedeniya-predprinimatelstvo/>.
5. ЕЭК 2019 жылға арналған болжамы.

1.4.1. 2019 жылдың екінші тоқсанындағы Қазақстан Республикасындағы макроэкономикалық ахуал

ҚР ҰЭМ статистика комитетінің шұғыл мәліметтері бойынша Қазақстандағы ЖІӨ өсімі 2019 жылдың екінші тоқсанында 4,1% құрады, осылайша 2018 жылғы қарқынды сақтап қалды, 4 суретті қараңыз. Экономикадағы өсімнің негізгі факторлары жоғары инвестициялық және тұтынушы сұранысы, сондай-ақ негізгі салалардағы өндірістік белсенділік болып табылады.

4-сурет. ҚР 2019 жылғы қаңтар мен маусым аралығындағы негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер.

Негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер


	ХАЛЫҚ (2019 ж. 1 тамыз, мың адам)	18 528,9		ЖІӨ (қаңтар-маусым 2019 жыл, % алдын ала мәліметтер)	104,1
	ИНФЛЯЦИЯ (қаңтар 2019 ж. желтоқсан 2018 ж. %)	3,0		ИНФЛЯЦИЯ (қаңтар 2019 ж. шілде 2019 ж. %)	0,2
	ЖҰМЫССЫЗДАР ДЕҢГЕЙІ (тамыз 2019 ж. %, бағалау)	4,8		ОРТАША АЙЛЫҚ ЕҢБЕКАҚЫ (тамыз 2019 жыл, теңге, бағалау)	188 032

* Кәсіпкерлік қызметпен айналысатын, шағын кәсіпорындарды есепке алмағанда

Экономиканың салаларының өсу қарқыны (нақты көлем индексі, %)

	ӨНЕРКӘСІП (қаңтар-тамыз 2019 жыл қаңтар-тамыз 2018 ж., %)	103,2		АУЫЛ, ОРМАН ЖӘНЕ БА- ЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ (қаңтар-маусым 2019 жыл, % алдын ала мәліметтер)	103,6
	ҚҰРЫЛЫС (қаңтар-тамыз 2019 жыл қаңтар-тамыз 2018 ж., %)	111,8		САУДА (қаңтар-тамыз 2019 жыл қаңтар-тамыз 2018 ж., %)	107,6
	КӨЛІК (қаңтар-тамыз 2019 жыл қаңтар-тамыз 2018 ж., %)	105,5		БАЙЛАНЫС (қаңтар-тамыз 2019 жыл қаңтар-тамыз 2018 ж., %)	103,4

5-сурет. ҚР ЖІӨ құрылымы 2019 жылғы бірінші жартысы



Дереккөз: Қазақстан Республикасының 2019 жылғы әлеуметтік-экономикалық дамуы, ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің бюллетені, Астана, 2019

6-сурет. 2019 жылдың қаңтар-тамыздағы ҚР инфляция

1. Жалпы макрокөрсеткіштер.



Алдын ала бағалау бойынша, 2019 жылғы қаңтар-тамызда ЖІӨ өсімі 2018 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 4,1% құрады.

Негізгі 6 саланың (өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, құрылыс, сауда, көлік, байланыс) қарқынын қосатын қысқа мерзімді экономикалық индекатор 104,2% құрады.

Инфляция жыл басынан бастап (2018 жылғы желтоқсанда) 3% құрады.

Негізгі капиталдағы инвестициялардың жалпы көлемі қаңтар-наурызда 7,0%-ға өсті (2019 жылғы қаңтарда 2,5%-ға төмендеді, 2019 жылғы қаңтар-ақпанда 4,2% өсті).

Салалар бойынша инвестициялардың айтарлықтай өсімі байланыс саласында (55,1%-ды 16,7 млрд. теңгеге дейін), құрылыста (44,3%-ды 24,4 млрд. теңгеге дейін), ауыл шаруашылығында (37,9%-ды 56,4 млрд. теңгеге дейін), өнеркәсіпте (13,4%-ды 1 459,3 млрд. теңгеге дейін) және жылжымайтын мүлік операцияларында (2,9%-ды 266,7 млрд. теңгеге дейін) байқалды.

Елдің халықаралық резерві 2019 жылдың 1 сәуірінде 86,0 млрд. АҚШ долларды, оның ішінде Ұлттық Банктің алтын-валюта активтері - 27,0 млрд. АҚШ долларды құрады. Ұлттық қордың шетел валютасындағы активтері 1,0%-ды 59,0 млрд. АҚШ долларды (жыл басында 1,7% өсті) құрады.

Орта есеппен жан басына шаққандағы халықтың номиналды ақшалай табысы 2019 жылғы қаңтар-наурызда 296,0 мың теңгені құрады және 2018 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда номиналды түрде 14,9%-ға, ал нақты - 9,4%-ға өсті.

Орташа айлық номиналды еңбекақы 2019 жылғы қаңтар-наурызда (бағалау) 188 мың теңгені құрады.

2. Экономиканың салаларындағы жағдай.


2019 жылдың қаңтар-тамызында құрылыста (11,8%), саудада (7,6%), көлік саласында (5,5%), ауыл шаруашылығында (3,6%), өнеркәсіпте (3,2%) және байланыс қызметінде (3,4%) сәйкесінше оң қарқын байқалды.

3. Қаржы секторы.

2019 жылдың II тоқсанында теңгенің АҚШ долларына шаққандағы айырбас бағамы 2019 жылдың I тоқсанындағы деңгейде сақталды (0,1%-ға кішігірім төмендеу байқалды). Әлемдік мұнай нарығында тұрақсыз тенденция сақталды, және де II тоқсанда мұнай бағасы 2,7%-ға төмендеді. Қазақстанның сауда серіктестерінің валютасы бұл кезеңде әртүрлі бағыттағы қарқынды көрсетті. Ресей рублі АҚШ долларына шаққанда 3,9%-ға күшейді, ал бұл кезеңде юань мен евро сәйкесінше 2,5% және 1,3%-ға төмендеді.

7 сурет. Валюта және мұнай бағасының 2019 жылғы қаңтар-наурыздағы қарқыны.

Валюта және мұнай бағасының қарқыны (2018 жылдың 31 желтоқсан = 100)



Дереккөз: ҚР Ұлттық Банкі.


Ресей рублінің нығаюы және мұнай бағасының өсуіне қарамастан маусымда теңге АҚШ долларына шаққанда нығайды. Оның басты себебінің бірі – ҚР Президентінің сайлауы қарсаңында теңгенің әлсіреуі мүмкін деген жалған жорамалдың әсері болды.

Оның тағы да бір себебі нарық қатысушыларында жоғары сұраныс сақталуы жағдайында, шетелдік валюта ұсынысының төмен болуы. Жалпы шетелдік валютаны сатып алу сұранысының валбта нарығының қатысушылары тарапынан артуы байқалды. Бұл ретте нарық қатысушылары ұсынатын мәмілелер саны әлдеқайда аз болды, оны шетелдік валютаға сұраныстың жоғары болуы түсіндіреді.


2019 жылдың II тоқсанында теңгенің айырбас бағамының ауытқуы алдыңғы тоқсандағы деңгейде сақталды. Теңгенің айырбас бағамының стандартты ауытқуы өткен тоқсандағы 1,9 теңге көлеміндегі ауытқумен салыстырғанда 2,0 теңгені құрады.

8-сурет. 2019 ж. бірінші жартысындағы ҚР бөлшек сауда айналымы

Кәсіпорындар біркелкілігі бойынша бөлшек сауда айналымының орналасуы




Бөлшек сауданың нақты көлемінің индексі



Дереккөз: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті.

Республиканың бөлшек саудасының жалпы көлеміндегі меншікті үлесінің басым бөлігі 2019 жылғы қаңтар-шілдеде Амапыт қ. (31,7%), Нұр-Сұлтан қ. (12,2%), Шығыс қазақстан облысына (8,9%) және Қарағнды облысына (8,8%) тиесілі.

9-сурет. ҚР ҰЭМ мәліметтеріне сәйкес 2019 жылдың бірінші жартысындағы өңірлер бойынша бөлшек сауда көлемінің индексі.



Осылайша, жарты жылдағы бірінші тоқсанда Қазақстанда кәсіпкерлікті дамытуға қолайлы жағдай қалыптасты. Бұл көрсеткіштің шағын және орта кәсіпкерлікке әсер еткен қарқынын қарастырайық.

Тұтыну бағаларының индексі



Дереккөз: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті

1.4.2. 2019 жылдың екінші тоқсанында Қазақстан Республикасында шағын және орта кәсіпкерліктің дамуы

Ресми деректерге сәйкес, 2019 жылдың бірінші жарты жылдығында тіркелген заңды тұлғалар саны 3 880 бірлікке өсті. Нәтижесінде олардың саны 437,7 мың шамасына жетті.

Бұл ретте бизнес үшін қай сала едәуір тартымды болғанын айту қиын. Жаңа заңды тұлғалардың басым бөлігі (1 799) «әртүрлі қызмет көрсету түрлерімен» айналысады.

Тіркелген заңды тұлғалар саны 532 бірлікке өскен. Сондай-ақ қонақ үй және мейрамхана бизнесінде (+361 бірлік), ауыл шаруашылығында (+357), құрылыста (+303), әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласында (+341).

Бизнестің 7 бағыты бойынша заңды тұлғалар саны азайған:


- Өңдеу өнеркәсібінде – 16 бірлікке.;
- Өнер, сауыққұру және демалыс – 24 бірлікке.;
- Мемлекеттік басқару және қорғаныс, сондай-ақ міндетті әлеуметтік қамтамасыз ету – 51 бірлікке.;
- Жылжымайтын мүлік операциялары – 61 бірлікке.;
- Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет – 109 бірлікке.;
- Қаржы және сақтандыру қызметі – 125 бірлікке.

Ал ең басым бөлігі – сауда саласындағы бизнес субъектілер саны 223 бірлікке қысқарды. Жалпы бұл сала ең сұранысы жоғары сала болып табылады: бұл салада 129,8 мың заңды тұлға тіркелген, яғни қазақстандық кәсіпкерлердің 30% тауарлар сатылымында қызмет етеді.

10-сурет. ҚР ең сұранысы жоғары ШОК бағыттары 01.07.2019.

Тіркелген заңды тұлғалар саны бойынша қызметі жағынан ең сұранысқа ие бағыттар

(Статистика комитеті бойынша мәліметтер бойынша 01.07.19 бірлік)



Статистиканың басты драйвері шағын бизнес болып отыр, оған республикадағы заңды тұлғалардың 98% жатады. Бірінші жарты жылда олардың саны 4 025 бірлікке өсті. Бұл дегеніміз Қазақстанда орта және ірі бизнес саны азайды дегенді білдіреді.

Қазақстандағы заңды тұлғалардың үштен бір бөлігінің басымы жұмыс істемейді.


Заңды тұлғалардың – орта кәсіпкерлік субъектілер саны 2019 жылғы қаңтар-маусымда 95 бірлікке (6 395 бірлікке дейін) қысқарды. Ең көп азайған сала (- 25 бірлік) сауда саласында. Құрылыс және денсаулық сақтау саласында 19 бірлікке қысқарды. Жалпы орта бизнестің азаюы барлық салада да байқалады. Бұл көрсеткіш әсер етпеген үш сала: білім беру саласында заңды тұлғалар саны 2 бірлікке, логистикада – 6 бірлікке, мемлекеттік басқару мен қорғаныс саласында – 18 бірлікке көбейді.

Мұндай ұқсас жағдай ірі бизнеске де қатысты. Жалпы саны 50 бірлікке (2 438 бірлік) қысқарды, бұл жерде де азаю құрылыс және сауда саласына қатысты: минус 19 және 11 бірлік сәйкесінше.

Бұл ретте ірілендіру мемлекеттік басқаруда (+6), логистикада (+5), ақпарат және байланыста (+4), сондай-ақ тұрғын және тамақтану саласында (+2) болды.


11-сурет. 2019 жылдың бірінші жартысындағы заңды тұлғалар санының өзгеруі.

2019 жылдың бірінші жартысындағы заңды тұлғалар санының өзгеруі



Дереккөз: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті.

12-сурет. ҚР ШОК субъектілерінің саны 2019 жыл 1 шілде



Дереккөз: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті


Жаңадан ісін бастаған шағын және орта бизнес субъектілерінің саны қазақстанда бір жылда 6,5% – дан 44,7 мыңға дейін азайды.

Жұмыс істеп тұрған ШОБ компанияларына айтарлықтай қолдауды «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ көрсетуде. «Даму» қорының құрылтай компаниясы «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингінің мәліметі бойынша, 2019 жылдың жазында «Бизнестің жол картасы 2020» (БЖК-2020) мемлекеттік бағдарламасын іске асыру барысында кредиттер бойынша мөлшерлемені субсидиялауға 214,7 млрд теңге, кредиттерді кепілдендіруге – 13,8 млрд теңге бөлінген. Бұл қаражаттар 12,6 мың жобаны 2,4 трлн теңге сомасында субсидиялады және 179 млрд теңге сомасында 4,8 мың жобаға кепіл беруге мүмкіндік жасады. 2019 жылы шағын және орта бизнестің 14,6 мың жобасын қолдау жоспарланған.

Бұл ретте «БЖК-2020» - қор жұмыс жасайтын көп бағдарламаның бірі ғана. Жалпы «Даму» барлық бағыттар бойынша ШОБ қолдау көрсетуде: екінші деңгейлі банк арқылы қаржыландыру және кредит беру, субсидиялау және грант беру инструменттері, оқыту арқылы қаржылай емес қолдау көрсету.

13-сурет. ҚР ШОК 01.07.19 өңірлердегі меншікті үлесі.
ШОК жаңа субъектілері. Шілде 2019/мың бірлік

Қазақстан 44 684



Ел өңіріндегі шағын және орта бизнестің жаңа компанияларының саны 17 ден 12-ге қысқарды. Олардың үлесі жыл соңында 17,7% ден 15,2%-ге қысқарды.

Жаңадан ашылған шағын және орта бизнес ең көп тіркелген өңір Алматыда: 17,6 мың, бұл өткен жылмен салыстырғанда 19,7%-ға көп. Екінші орында- Нұр-Сұлтан қаласы: 4,7 мың – былтырғы жылғы тиісті кезеңдегі көрсеткіштен 49,6%-ға, ал үшінші көшбасшы Алматы облысы: 3,4 мың компания – 2018 жылдың шілдедегі тиісті кезеңдегі көрсеткішімен салыстырғанда 2,6% кем.

14-сурет. Жұмыс істеп тұрған ШОБ 01.07.2019, мың бірлік.

	Қолданыстағы	Жаңа	Жұмыс істеп тұрғандар арасындағы жаңа
Қазақстан	294 278	44 684	15,2%
Тұру және тамақ қызметі	5 016	1 152	23,0%
Бөлшек және көтерме сауда; автомобиль және мотоцикл жөндеу	79 384	15 667	19,7%
Электр, газбен жабдықтау, ауа баптау	1 032	197	19,1%
Ақпарат және байланыс	7 584	1 338	17,6%
Тау-кен өнеркәсібі, карьера қазу	2 798	471	16,8%
Өнер, сауық құру және демалыс	4 552	747	16,4%
Қаржы және сақтандыру қызметі	6 013	878	14,6%

	Қолданыстағы	Жаңа	Жұмыс істеп тұрғандар арасындағы жаңа
Көлік және қойма	10 925	1 544	14,1%
Құрылыс	37 656	4 820	12,8%
Әкімшілік және қосалқы қызмет саласы	13 239	1 673	12,6%
Сумен жабдықтау, кәріз жүйесі, жинау, қалдықтарды реттеу	1 763	209	11,9%
Ауыл, орман және балық шаруашылығы	13 076	1 465	11,2%
Кәсіби, ғылыми, техникалық қызмет	19 842	2 221	11,2%
Өңдеу өнеркәсібі	15 008	1 532	10,2%
Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызмет	5 257	535	10,2%
Білім беру	21 240	1 388	6,5%
Жылжымайтын мүлік операциялары	12 862	760	5,9%
Мемлекеттік басқару және қорғаныс, міндетті әлеуметтік қамтамасыз ету	9 247	64	0,7%
Экстерриториялық ұйымдар мен органдар қызметі	1	-	-
Басқа да қызмет түрлері	27 783	8 026	28,9%

Дереккөз: ҚР ҰЭМ СК

Жаңадан ашылған ШОБ компаниялары көбінесе тұрғын және тамақтану қызметі саласына қатысты - 23%, немесе 1,2 мың. Екінші кезекте үлес жағынан басым сала сауда және автомобиль және мотоцикл жөндеу: 19,7%, немесе 15,7 мың. Сондай-ақ электрмен жабдықтау, газ тарту, бу және ауа баптау саласына тиесілі: жаңа компаниялар үлесі 19,1%, немесе 197 кәсіпорынды құрады.

1.4.3. Қазақстанның 2019 жылғы екінші тоқсандағы сыртқы сауда қызметі

Қазақстан Республикасының экспорт үлесі 2018 жылғы қаңтармен салыстырғанда 133,8% құрады. Ол минералды өнімдер - 46,1% (80,6% Қазақстан Республикасының үшінші елдерге сатылымының жалпы көлемінен), азық-түлік тауарлары және ауыл шаруашылық шикізаты – 22,9% (5,6%) экспорт көлемі құнының артуымен байланысты болды. Металлдар мен олардан жасалған бұйымдар көрсеткіші 13,1% (11,2%) төмендеген.

14-сурет. ҚР 2019 жылдың бірінші жартысындағы экспорт

Шикі мұнай және шикі мұнай өнімі	Италия	14,4%
Мұнай газы	Қытай	3,0%
Мыс	Қытай	2,5%
Ферро қорытпа	Қытай	1,3%
Мыс кені және қоспалар	Қытай	1,4%
Химия элементтері және радиоактивті изотип	Қытай	0,8%
Мұнай және мұнай өнімдері	Нидерланд	1,4%

Дереккөз: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті.

Қазақстан Республикасының импорт көлемі 2018 жылғы қаңтардағы сәйкесінші көрсеткішпен салыстырғанда 99,9% құрады. Машина, жабдықтар және көлік құралдарының көлемі 4%-ға төмендеді (43,7% Қазақстан Республикасының үшінші елдерден импортының жалпы көлемі), металлдар және олардан жасалған бұйымдар -2,2% (10,4%), азық-түлік тауарлары және ауыл шаруашылық шикізаты - 18,9% (7,8%) қысқарды.

Химия өнеркәсібінің өнімдері 27,5% (18,4%), текстиль, текстиль бұйымдары мен аяқ-киім – 1,7 есе (6,8%) артты.

ЕАЭО мүше мемлекеттердің үлесінің (% ЕАЭО қорытындысы бойынша) сыртқы саудадағы жалпы көрсеткіші келесі ретте қалыптасты:


ЕАЭО елдерінің сауда айналымының көлемі бойынша өңірлік деңгейде көшбастап тұрған Алматы қ. - 27%, екінші орында Астана – 12% және үшінші орында Қарағанды облысы – 12%, олардың барлығы республиканың барлық сауда айналымының жартысынан астамын құрап отыр. 16 суретті қараңыз.

Қазақстан Республикасының ЕАЭО елдерімен сауда айналымының облыстық тұрғыда 2019 жылғы 01.01 дегі жағдай бойынша 2019 жылдың қаңтар-маусымдағы өзара саудасында Қазақстан Республикасының ЕАЭО елдерімен айналымы 9564,8 млн. АҚШ долларды құрады. Бұл 2018 жылғы қаңтар-маусымдағы көрсеткіштен 2,6% кем. Оның ішінде экспорт - 2912,6 млн. АҚШ доллар (6,3% азайды), импорт - 6652,2 млн. АҚШ доллар (0,9%) азайды.


Қазақстан Республикасының ЕАЭО елдерімен сыртқы сауда айналымының жалпы көлемінің көрсеткіші: Ресей Федерациясы - 92,2%, Қырғыз Республикасы – 4,1%, Беларусь Республикасы – 3,6%, Армения – 0,1%.

15-сурет. ҚР 2019 жылғы I жарты жылда ЕАЭО елдеріне экспорты мен импортының тауар құрылымы.

Қазақстан Республикасының ЕАЭО елдеріне экспортының тауар құрылымы



Қазақстан Республикасының ЕАЭО елдеріне импортының тауар құрылымы



Дереккөз: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті.

2019 ж. I жарты жылдығындағы Сыртқы сауданың қорытындысы


Тауарлар мен қызметтердің сыртқы сауда айналымы
39,6 млрд АҚШ доллар

-2,8% ЭКСПОРТ 20,0 млрд. доллар

19,7 млрд. доллар ИМПОРТ **-2,2%**


Сыртқы сауда серпіні, млн АҚШ доллар

төлем балансы әдістемесі бойынша



2019 жыл 1 жартысы Тауарлармен сыртқы сауда құрылымы

ЭКСПОРТ



ИМПОРТ



- минералды өнімдер
- азық-түлік тауары
- химия өнімдері
- көлік құралдары
- ауыл шаруашылығы шикізаты
- бағалы емес металдар
- пластмасса өнімдері
- машиналар мен жабдық
- басқа
- текстиль және бұйымдар

2019 жылдың 1 жартысы Қызметтермен сыртқы сауда құрылымы

ЭКСПОРТ




ИМПОРТ



- көлік қызметі
- құрылыс
- қаржы және қызмет
- басқа да іскерлік қызметтер
- ICT
- басқа

Тауар экспорты диверсификациясы



Тауар экспорты диверсификациясы



1.4.4. ҚР-да ШОБ мемлекеттік қолдау және экономиканы реттеу шаралары 2019 жыл.

2018 жылы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызметті реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгертулер енгізу туралы» заңы қабылданды.

Заң отандық кәсіпкерлерге қолайлы жағдайды қалыптастыру мақсатына бағытталған, бұл ретте Заңның негізгі міндеттері болып табылатыны:


- Мемлекеттік бақылау-қадағалау қызметін реформалау, профилактикалық бақылау институтын енгізу;
- Ақпараттық инструменттер санын қысқарту және жалпы оларды 30%-ға оңтайландыру;
- Табиғи монополиялар мен квазимемлекеттік кәсіпорындардың көрсететін қызметін реттеу;
- РӘА институтының әрекетін өңірлік деңгейге кеңейту;
- Жаппай шығынды азайту;
- «Doing Business» рейтингінде Қазақстанның көрсеткішін жақсартуға бағытталған нормалар.

Жалпы, шағын және орта бизнесті қолдауға бағытталған саясаттың арқасында кәсіпкерлік субъектілер пайдасына қарастырылған оң нәтижелер:

- 1) Тексеру саны азайтылды; 2010 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 4,2 есе қысқарды.

16-сурет. 2010-2017 жж. Тексерулер қысқаруының тенденциясы

Тексерулер саны



Дереккөз: Қазақстан Республикасындағы 2017 жылғы кәсіпкерлік қызметті реттеу тралы ҚР ҰЭМ есебі

2) Тексеру жүргізу мерзімі заңды түрде қысқартылған, бақылау саласы, бақылау функциясы және т.б. алынып тасталды

17-сурет. Мемлекеттік бақылау-қадағалау қызметін реформалау.




Дереккөз: ҚР Ұлттық экономика министрлігінің ресми сайты.

<http://economy.gov.kz/ru/pages/doklad-ministra-nacionalnoy-ekonomiki-rk-suleymenova-tm-po-proektu-zakona-o-vnesenii-izmeneniy>

3) Рұқсат беру құжаттарының саны 2011 жылмен салыстырғанда 3,2 есе қысқартылды.

18-сурет. Рұқсат құжаттарының өсуі мен қысқартылу қарқыны.

Рұқсат құжаттарының өсуі мен қысқартылу қарқыны



Дереккөз: ҚР рұқсат беру жүйесін реттейтін НҚА (2011-2016 ж).

Бизнес-инкубатор бағдарламасы. 2018 жылы «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау және дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында индустриалдық-инновациялық жобаларды бизнес-инкувациясы бағдарламасын жүзеге асыру басталған. Бұл құжат Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 25 тамыздағы № 522 қаулысымен бекіткен.

Үкімет қаулысына сәйкес аталған бастаманы жүзеге асырушы оператор болып «QazTechVentures» АҚ («Технологиялық даму бойынша ұлттық агенттік» АҚ құқықтық мұрагері) болып табылады.

Бағдарламаның мән-мағынасы:

1) жеке меншік бизнес-инкубаторларға қаржылай және әдіснамалық қолдау көрсету (50% операциялық шығындарды қоса қаржыландыру, алайда жылына 35 млн тг аспайтын);

2) бизнес-процесстер немесе өнімді едәуір жақсартуға немесе жаңа индустриалдық-инновациялық жобалар бойынша бизнес-инкубатор резиденттеріне мемлекеттік грант ұсыну (50 млн тг дейін және өтінім берілген шығындардың 80%-нан аспайтын).

Бағдарламаны жүзеге асыру арқылы бизнес-инкубатордың экожүйесін дамытуға қарқын беру, осылайша бизнес-инкубаторлардың қаржылай және іжоғары құзыреттілігінің әрі қарайғы дербестігін дамыту, сол арқылы ірі технологиялық компанияға дейін өсе алатын сапалы стартаптарды көбейту.

2018 жылы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 30 наурыздағы «Бизнес-инкубаторлар қызметін конкурстық іріктеу және қолдау ережесі туралы» № 129 бұйрығына сәйкес, «Технологиялық даму бойынша ұлттық агенттік» АҚ (одан кейін – Агенттік) үш бизнес-инкубаторды іріктеп алды: «BelnTech» ЖШС, «SmArt. PointAlmaty» ЖШС, «Жас кәсіпкерлер клубы» ЖШС бизнес-инкубатордың шығындарын ортақ қаржыландыру және үш жылдық мерзімде қаржылай емес қолдау көрсету туралы шарт жасалды.

Агенттік 2018 жылы бизнес-инкубатордың шығысының 18 725,7 мың теңге жалпы сомасындағы бөлігін бірлесіп қаржыландырды. Бұл қаражат республикалық бюджеттің 087 «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасының «Бизнес-инкубаторлардың қызметін қолдау» 112 ішкі бағдарлама аясында ісшараларды жүзеге асыру» республикалық бюджеттен бөлінген.

Агенттік 2018 жылы үш бизнес-инкубатордың қызметіне сырттан сарапшылар шақырту арқылы әдіснамалық қолдау көрсету жұмысын жүзеге асырды. Сырттан шақыртылған сарапшы бизнес-инкубатор экожүйесін дамыту саласындағы шетелдік сарапшылар арасынан таңдалды. 2018 жылғы 10 қазанда Агенттік ООО «Акселетатор ФРИИ» (Ресей) шарт жасасты.

Әдіснамалық сүйемелдеу жұмысы барысында:

- 1) тәжірибені қолдануда консультациялық көмек көрсету;
- 2) бизнес-инкубатор жұмысын жоспарлау және ұйымдастыру;
- 3) бизнес-инкубатордың мәселелі тұстары мен даму мүмкіндігінің диагностикасы;
- 4) бизнес-инкубатор қызметкерлерінің біліктілігін арттыру арқылы мәселені шешу;
- 5) стартап жобаларды іріктеу және оны дамыту.

Сыртқы сарапшы әдіснамалық сүйемелдеу қызметін көрсету аясында әр бизнес-инкубаторға тиімді жұмыс форматы таңдалған.

Мемлекеттік гранттар «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасы аясында жұмыс істеп тұрған механизмге ұсынылуы мүмкін (егер республикалық бюджеттен қаражат бөлінген жағдайда). Мемлекеттік гранттардың экономикалық тиімді болуы үшін бұл қаражат «QazTechVentures» АҚ технологиялық, қаржылай-экономикалық және құқықтық оң тиімділігін есепке ала отырып, бизнес-инкубаторлар резиденттеріне ұсынылатын болады.

Грант ұсыну механизмдері:

- 1) Жергілікті ақтарушы орган өтінім қабылдайды;
- 2) «QazTechVentures» АҚ жобалардың технологиялық, қаржылай-экономикалық және құқықтық сараптамасын жүзеге асырады;
- 3) Жергілікті атқарушы органдардағы комиссия «QazTechVentures» АҚ ұсынысын есепке ала отырып, жүзеге асырады;
- 4) «QazTechVentures» АҚ грант берілгеннен кейін оның мақсатты қолданылуына мониторинг жүргізеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі.

1. Қазақстан Республикасындағы жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің мониторингі. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің жедел ақпараты. www.stat.gov.kz.
2. ҚР Ұлттық экономика министрлігі <https://economy.gov.kz/ru>

1.5.



Ресей Федерациясындағы
шағын және орта кәсіпкерліктің
даму көрсеткіштері



1.5.1. 2019 жылдың екінші тоқсанындағы Ресей Федерациясындағы макроэкономикалық жағдай

2019 жылғы маусымда әлемдік экономикалық белсенділіктің баяулауы жалғасты, бұл ретте әлемдік сауда мен өңдеуші салаларда экономикалық саясаттың тұрлаусыздығының күшеюіне байланысты бәсеңдеудің елеулі белгілері байқалды. Brent маркалы мұнайдың бағасы барреліне 7 АҚШ долларына, яғни 63 АҚШ долларына дейін күрт төмендеді, ал WTI маркалы мұнайдың бағасы барреліне 6 АҚШ долларына, яғни 55 АҚШ долларына дейін төмендеді. Дегенмен, маусым айының соңында және шілде айының басында мұнай бағасы айтарлықтай өсті, мұндай өсім Таяу Шығыстағы геосаяси шиеленістің күшеюіне байланысты болды. Бұдан басқа, бағаларға ОПЕК пен оның серіктестерінің мұнай өндіруді 2020 жылдың наурызына дейін 9 айға шектеу туралы Келісімнің қолданысын ұзарту туралы хабарлауы қолдау көрсетті. Маусым айында әлемдік нарықтағы конъюнктура дамушы нарықтардың барлық валюталары үшін, оның ішінде АҚШ долларына қатысты нығайтылған рубль үшін қолайлы болды. Әлемдік экономиканың өсу динамикасының әлсіреуімен қатар, Ресей шикізат экспортының негізгі баптарына бағаның төмендеуіне байланысты экспорттың қысқаруы 2019 жылдың II тоқсанында Ресейдің ағымдағы операциялар шоты профицитінің төмендеуіне алып келді. Мамыр айында экономикалық өсу серпіні көңіл көншітеріліктей болмады, бұл ретте бес базалық саладағы өндіріс жылына -0,3%-ға дейін төмендеді. 12 айдағы тұтыну инфляциясы наурыз айында ең жоғары белгіге жетті, маусым айында 4,7%-ды құрап, төмендеуін жалғастырды. Мамыр айында еңбек нарығындағы динамика сенімді қалыптасты. Мұнайлық емес кірістердің өсуі аясында федералдық бюджеттің профициті 2019 жылдың алғашқы 5 айында өткен жылдың ұқсас кезеңіндегі ЖІӨ-нің 1,4% өсуімен салыстырғанда ЖІӨ 2,7%-ға дейін (кассалық негізде) ұлғайды. Мамыр айында бөлшек және корпоративтік сегменттерде кредит берудің өсуі жалғасты. Тұтас алғанда кредиттік тәуекел мен табыстылықтың негізгі көрсеткіштері тұрақты сақталды.

Келіп түсіп жатқан деректерге сәйкес, экономикалық белсенділіктің төмен деңгейі 2019 жылдың III тоқсанының басында да сақталады, бұл ретте өңдеуші салалардағы іскерлік белсенділіктің көрсеткіштері мен PMI жаһандық индексі одан әрі нашарлайды деп күтіліп отыр. Әлсіз динамика саудадағы көрсеткіштерде де сақталады. Осылайша, жаңа экспорттық тапсырыстардың төмендеуі жалғасып, жылдық минимумға жетті.

Қызмет көрсету секторындағы сенімділіктің сақталуына қарамастан, тұтынушылық сенімділіктің әлсіреуімен және бөлшек сауда өсімінің төмендеуіне байланысты белсенділіктің баяулауы етек алды. Дамыған экономикалар облигацияларының кірістілігі шілде айының басында көпжылдық минимумдар деңгейінде сақталды. Бұл жағдай ірі орталық банктердің әлемдік экономиканың өсу қарқынының әлсіреуі мен инфляцияның төмен болуы жағдайында неғұрлым жұмсақ ақша-кредит саясатын сақтау бағытын жалғастыруына байланысты орын алды. Сонымен қатар, азық-түлік шығындарының өсуі аясында EMDE елдеріндегі жалпы инфляция деңгейі көтеріле бастады.

20-сурет. 2019 жылдың маусымында рубльдің орташа номиналды валюталық бағамы нығая түсті.



Дереккөз: РФ ОБ

21-сурет. Соңғы айларда нарықтың ірі қатысушылары 2019 жылы мұнайға деген сұраныстың болжамын айтарлықтай қысқартты




Дереккөз: Энергия қауіпсіздігі басқармасы, Халықаралық энергетикалық агенттік

Маусым айында әлемдік нарықтағы конъюнктура дамушы нарықтардың барлық валюталары үшін, оның ішінде рубль үшін де қолайлы болып қалыптасты. Мұнай бағасының 11,3%-ға төмендеуіне қарамастан рубльдің номиналды валюта бағамы АҚШ долларына қатысты шамамен 1%-ға (АҚШ доллары үшін орташа 64,2 рубль) нығайған. Ресей Банкінің ақша-кредит саясатын одан әрі жеңілдетуі және тәуекелді түйсінудің әлсіреуі шетелдік инвесторлардың мемлекеттік облигацияларға деген қызығушылығын нығайтып отыр. Маусым айында рубльге көмегін тигізген тағы бір фактор салық төлемдерін төлеу болды.

2019 жылдың II тоқсанында экспорттың қысқаруы Ресейдің ағымдағы операциялар шоты профицитінің төмендеуіне әкелді. 2019 жылдың II тоқсанында ағымдағы операциялар шотының сальдосы 12,1 млрд. АҚШ долларына дейін төмендеді, өткен жылдың ұқсас кезеңінде 17,9 млрд. АҚШ долларын құраған болатын. Ресей шикізат экспортының негізгі топтарының бағасы төмендеуіне байланысты экспорттық түсімнің қысқаруы әлемдік экономиканың өсу серпінін әлсіретумен қатар, мұндай құлдырауды түсіндіретін негізгі факторлар болды. 2019 жылдың II тоқсанында 3 млрд АҚШ долларын құрайтын жеке капитал кетті, ал өткен жылдың ұқсас кезеңінде 5,1 млрд. АҚШ долларын құрайтын жеке капиталдың құйылуы байқалған болатын. Тікелей шетелдік инвестициялардың құйылуы төмен деңгейде сақталды, ол былтырғыдай 2 млрд. АҚШ долларын құрады. 2019 жылдың II тоқсанында халықаралық резервтер деңгейі 17 млрд. АҚШ долларын құрады, бұл бюджеттік ережелер аясында валюта сатып алумен байланысты болды. Жалпы 2019 жылдың бірінші жартыжылдығында ағымдағы операциялар шотының профициті 45,8 млрд. АҚШ долларын құрады (ЖІӨ - 5,9%), ал 2018 жылдың бірінші жартыжылдығында ол 47,7 млрд. АҚШ долларын құраған болатын (ЖІӨ - 6%).

Мамыр айында экономикалық өсу динамикасы төмен болды. Бес базалық саладағы өндірістің өсуі сәуір айындағы +2,9% - бен салыстырғанда -0,3%-ға дейін төмендеді. Құрылыс саласынан басқа салалардың барлығында өсу қарқынының баяулауы байқалды. Экономикалық өсудің бәсеңдеуіне өнеркәсіптік өндіріс елеулі үлес қосты: сәуір айында +4,6% болса, мамыр айында +0,9% құрады. Өнеркәсіп өндірісінің құрылымында өңдеу өнеркәсібі ең әлсіз буын болды (+4,7%-бен салыстырғанда -1%). Мұндай төмен көрсеткіштер күнтізбелік факторлармен түсіндіріледі (2018 жылдың мамырымен салыстырғанда 2019 жылғы мамырдағы жұмыс күндерінің саны аз). Табиғи қазбаларды өндірудің өсуі сәуір айында +4,2% - бен салыстырғанда мамыр айында +2,8% - ға дейін баяулады. Мұндай баяулау ОПЕК+ - пен мұнай өндіруді қысқарту туралы келісім аясында мұнай өндіруді төмендетудің, сондай-ақ «Дружба» құбыржолының ластануының нәтижесі болды. Ішкі сұраныстың бәсеңдеуіне байланысты бөлшек саудадағы және нарықтық қызметтер секторындағы өсімнің баяулауы жалғасты.

22-сурет. Мамыр айындағы экономикалық өсу динамикасы бәсең болды



2019 жылдың I тоқсанында әлсіз инвестициялық сұраныс ЖІӨ өсуін баяулатты. 2019 жылдың I тоқсанында сұраныс пен ұсыныс тарапынан ЖІӨ құрылымы туралы Росстат жариялаған деректері көрсеткендей, I тоқсанда ЖІӨ-нің бір жылдық өсімі 0,5% - ды құрады. Соңғы 11 тоқсанда бірінші рет негізгі капиталдың жалпы жиналуы -2,6%-ды құрап, теріс мәнге дейін төмендеді. Ірі және орта кәсіпорындардағы негізгі капиталға салынған инвестициялар туралы ай сайынғы статистиканың деректері ауыл шаруашылығындағы, табиғи қазбаларды өндіру жөніндегі салалардағы, өңдеуші өнеркәсіптегі, құрылыстағы, ақпараттық коммуникациялық технологиялардағы, қаржы секторындағы және білім берудегі негізгі капиталға салынған инвестициялардың сенімді өсуіне қарамастан, инвестициялардың жалпы теріс көрсеткішіне жылжымайтын мүлік пен құбыр көлігіндегі инвестициялар өсімінің елеулі құлдырауы ықпал еткенін көрсетеді. Бұдан басқа, мұндай төмен мән негізгі капиталдың жалпы жинақталуының жалпы көрсеткішінде де көрініс табатын қорғаныс салаларындағы өндіріс көлемінің төмендеуін айғақтауы мүмкін. Тауар-материалдық қорлардың өзгеруі де ЖІӨ-нің өсу көрсеткішіне теріс әсер етті. Бұл 2018 жылдың соңында компаниялардағы ҚҚС ставкаларын көтерудің алдында ТМҚ өсуімен түсіндіріледі. Негізгі қозғаушы күш тұтыну сұранысы болды, оның ЖІӨ өсіміне үлесі 1,1 пайыздық тармақты құрады. Үй шаруашылықтарына тұтынудың өсуі 2018 жылғы 2,3% - бен салыстырғанда 1,6% - ға дейін баяулады. Мұндай баяулау ҚҚС ставкасын арттыруды, салыстырмалы түрде қатаң ақша-кредит саясатын жүргізуді және мемлекеттік шығыстардың жылдық екінші жартыжылдығына кейбір ауысуын ескере отырып күтіліп отыр. Экспорттың нөлдік салымы (экспорттың өсуі теріс болып шықты және ОПЕК+ - пен мұнай өндіруді қысқарту және әлемдік экономиканың өсуін бәсеңдету туралы келісім аясында бір жылға қарай 0,4%-ды құрады) импорттың қысқаруымен өтелді, ал таза экспорттың ЖІӨ өсіміне үлесі 0,6 пайыздық тармақты құрады. Біз 2019 жылдың екінші жартыжылдығында ЖІӨ өсімі инвестициялық сұраныстың жылдамдығына және ұлттық жобалардың іске асырылуына қарай жеделдейді деп күтудеміз. Пайдалы қазбаларды өндіру, қаржы қызметтері мен көлік өсудің қозғаушы күшіне айналды. Керісінше, 2019 жылдың I тоқсанында ЖІӨ өсуін тежейтін негізгі факторлар бөлшек және көтерме сауда, сондай-ақ жылжымайтын мүлік секторы болды.

Маусым айында тұтыну инфляциясы мамыр айындағы 5,1%-бен салыстырғанда 12 айда 4,7% - ға дейін төмендеді (23-сурет). 12 айда азық-түлік инфляциясы өсімінің баяулауы негізгі тұтыну инфляциясы деңгейінің төмендеуіне әсер етті. Базалық тұтыну инфляциясы мамыр айындағы 4,7%-бен салыстырғанда маусым айында 4,6% - ға дейін азайған. Инфляциялық күтулер жоғары күйінде сақталып отыр: маусым айында күтілген үй шаруашылықтарының инфляциясы өткен айдағы 9,3%-бен салыстырғанда 9,4%-ға дейін өсті.

23-сурет. 2019 жылғы маусымда тұтыну инфляцияның өсуі баяулады



Дереккөз: Haver Analytics.



Мамыр айында еңбек нарығындағы динамиканың қалыптасуы сенімділік тудырды. Жұмыссыздық негізінен маусымдық факторлар есебінен 0,2 пайыздық пунктке - 4,5% дейін төмендеді. Маусымдық көрсеткіш өзгерген жоқ және 4,6% деңгейінде қалды (24-сурет). 2019 жылғы мамырда нақты жалақы 2018 жылғы мамырмен салыстырғанда 2,8%-ға және 2019 жылғы сәуірмен салыстырғанда 1%-ға өсті.



Дереккөз: Дүниежүзілік Банк командасы

1.5.2. 2019 жылдың екінші тоқсанында Ресей Федерациясында шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту

25-сурет. Ресей Федерациясындағы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 10.07.2019 жылғы жағдай бойынша



Источник: Федеральная налоговая служба РФ (Единый реестр субъектов МСП).

2019 жылдың шілде айының басындағы заңды тұлғалар саны: микро кәсіпорындар – 2 764 114 бірлік; шағын кәсіпорындар – 217 373 бірлік және орта кәсіпорындар – 18 061 бірлік.

Ресей Федерациясының Федералды салық қызметінің ШОК субъектілерінің бірыңғай тізілімінің мәліметтеріне сәйкес, ШОК субъектілерінің саны бойынша РФ Орталық және Волжск федералдық округтері көш бастап келеді, ШОК-тың барлық субъектілерінің жартысына жуығы солардың үлесіне тиесілі.

26-сурет. 2018 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 2019 жылы ШОК субъектілері санының даму серпіні



Источник: Федеральная налоговая служба РФ (Единый реестр субъектов МСП).

Үкіметтің Кәсіпкерлік қызметтен түсетін табыстың шекті мәні туралы N 265 Қаулысына сәйкес, Ресейде ұйымның шағын және орта бизнеске тиесілігі екі негізгі көрсеткіштердің мәндерімен анықталады: қызметкерлердің саны және табыс мөлшері. Қазіргі уақытта Ресей статистикасында кәсіпорындардың түрін анықтаудың мынадай өлшемдері қолданылады:


* микро кәсіпорындар - қызметкерлерінің саны 15 адамға дейін және жылдық табысы 120 млн. рубльден аспайтын заңды тұлғалар;

* шағын кәсіпорындар - қызметкерлерінің саны 16-дан 100 адамға дейін және жылдық табысы 800 млн. рубльден аспайтын заңды тұлғалар;

* орта кәсіпорындар – қызметкерлерінің саны 101-ден 250 адамға дейін және жылдық табысы 2 млрд. рубльден аспайтын заңды тұлғалар.

Соңғы жылдары Ресейде микро кәсіпорындар түріндегі заңды тұлғалар белсенді дамып келеді, олардың үлесіне ШОК-тың барлық заңды тұлғаларының 91%-дан астамы келеді, 26-суретті қараңыз.


27-сурет. 10.07.2019 ж. жағдай бойынша ең қажетті 10 қызмет саласы



Дереккөз: РФ Федералды салық қызметі (ШОК субъектілерінің бірыңғай тізілімі).

РФ Федералдық салық қызметінің ШОК субъектілерінің бірыңғай тізілімінің деректеріне сәйкес, жаңадан құрылған шағын кәсіпорындар орталық және Волжск федералдық округінде басым, олардың үлесіне шағын кәсіпорындар түріндегі ШОК субъектілерінің жартысынан астамы келеді.

28-сурет. 10.07.2019 ж. жағдай бойынша қайта құрылған шағын кәсіпорындар саны



Дереккөз: РФ Федералды салық қызметі (ШОК субъектілерінің бірыңғай тізілімі).

1.5.3. 2019 жылдың екінші тоқсанындағы РФ сыртқы сауда қызметі

2019 жылдың қаңтар-маусым айларында Ресейдің сыртқы сауда айналымы 320,8 млрд. долларды құрады, өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 3%-ға төмендеді. Мұндай деректерді РФ Федералдық кеден қызметі келтіреді.

Сауда балансының сальдосы 2018 жылғы қаңтар-маусымға қарағанда 5,4 млрд. аз болып, 92,2 млрд-ты құрады.

Ресей экспорты жарты жылда 206,5 млрд. долларды құрады (2018 жылдың қаңтар-маусым айларымен салыстырғанда 3,6%-ға аз)

Отын-энергетикалық тауарлардың үлес салмағы 64,7% -ға дейін өсті (өткен жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша 64%-ға тең болған). Алыс шетелдерге шығатын экспорттың тауарлық құрылымында осы тауарлардың үлесі 67,8%-дан 69,2%-ға дейін өсті, ТМД елдеріне шығатын тауарлар үлесі – 37,2%-дан 32,8%-ға дейін азайды. 2018 жылғы қаңтар-маусыммен салыстырғанда отын-энергетикалық тауарлардың құндық көлемі 2,6%-ға қысқарды, ал физикалық көлемі 2,1%-ға өсті. Отын-энергетика кешені тауарларының ішінде электр энергиясы (31,5%), тас көмір (7,6%), автомобиль бензині (3,9%) экспортының физикалық көлемі өсті. Мұнай өнімдері экспортының физикалық көлемі азайды (минус 8,4%).

2019 жылғы қаңтар-маусымда Ресей импорты 114,3 млрд. долларды құрады (жылдық мәнде минус 2%).

Импортының тауар құрылымында машиналар мен жабдықтардың үлес салмағы жоғары – 45,9% (2018 жылдың бірінші жарты жылдығында – 46,8%). Бұл өнімді әкелудің құндық көлемі 4,5%-ға азайды. Жүк көліктері (плюс 30,9%), жеңіл автомобильдер (плюс 3,9%) импортының физикалық көлемі өсті.

Алыс шет елдер арасында Ресейдің негізгі сауда серіктестерінің ішінен Қытаймен (2018 жылғы қаңтар-маусымға+0,7%), Нидерландымен (+13,8%), АҚШ-пен (+12,4%), Оңтүстік Кореямен (+21,1%) тауар айналымы ұлғайды, Германиямен (-13,7%), Италиямен (-4,8%), Түркиямен (-10,4%), Жапониямен (-0,8%), Польшамен (-26,1%), Финляндиямен (-8,4%) керісінше тауар айналымы төмендеді.

1.5.4. Ресейдегі кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеу және 2019 жылы мемлекеттік қолдау шаралары

Ресейдегі ШОК-тың дамуына арнайы департаменті жұмыс істейтін Ресей Федерациясының Экономикалық даму министрлігі жауапты.

Ресейдің Экономикалық даму министрлігінің Шағын және орта бизнесті дамыту және бәсекелестік департаменті шағын және орта бизнес пен бәсекелестікті, ұйымдастырылған тауар нарықтарын дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты және құқықтық реттеуді әзірлеуге және іске асыруға жауапты, сондай-ақ заңнаманы негізге ала отырып torgi.gov.ru веб-сайтын жүргізуге де жауапты.

4-қосымша.

РФ Экономикалық даму министрлігі.

Шағын және орта кәсіпкерлікті және бәсекелестікті дамыту департаменті.

Мәскеу, Овчинниковская набережная, 18/1.

Байланыс телефоны: + 7 (495) 651-79-85.

<http://economy.gov.ru/>

Шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау бағдарламалары. Ресей экономикалық даму министрлігі 2005 жылдан бастап аймақтық деңгейде шағын және орта кәсіпкерлерге мемлекеттік қолдау көрсету үшін РФ субъектілерінің бюджеттеріне федералдық бюджеттен субсидиялар беру бойынша арнайы бағдарламаны іске асыруда.

2016 жылдың соңында осы субсидияларды беру және бөлу қағидаларының жаңа редакциясы бекітілді.

Бүгінгі күні бағдарлама аясында қолдау инфрақұрылымын құрайтын ұйымдар желісінің жұмысын қайта форматтауға, оны көрсетудің сервистік моделін енгізуге байланысты іс-шаралар алдыңғы қатарға шықты.

Бағдарламада кәсіпкерлердің қаржылық, мүліктік және ақпараттық ресурстарға қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған 20-дан астам іс-шараларды қамтитын шаралар кешені көзделген.

Ресей Экономикалық даму министрлігі бағдарламасы аясында өңірлерде ШОК-ты қолдау инфрақұрылымының желісі құрылып жатыр:

- * кредит беруге жәрдемдесу қорлары (кепілдік қорлар, кепілгерлік қорлары);
- * микрокредиттік ұйымдар;
- * кәсіпкерлікті қолдау орталықтары;
- * әлеуметтік саланың инновация орталықтары;
- * кластерлік даму орталықтары;
- * өңірлік инжиниринг орталықтары;
- * прототиптеу орталықтары;
- * сертификаттау, стандарттау және сынау орталықтары;
- * халықтық-көркем кәсіп орталықтары;
- * экспортты қолдау орталықтары;
- * бизнеске арналған көпфункционалды орталықтар;
- * өнеркәсіптік, индустриялық, агроөнеркәсіптік парктер;
- * технопарктер;
- * жеке өнеркәсіптік парктер;
- * бизнес-инкубаторлар.

Сонымен қатар, жастар кәсіпкерлігін дамыту, оны оқушылар арасында насихаттау және балалардың инновациялық шығармашылығын қолдау үшін, оның ішінде оларды кәсіби іске асыру үшін Министрлік Жастар инновациялық шығармашылық орталықтарын құруға субсидия бөледі.

Мемлекеттік қолдаудың «тікелей» шараларының бір бөлігін іске асыру монопрофильді муниципалдық құрылымдардың ШОК дамыту бағдарламалары шеңберінде көзделген. Айталық, аталған іс-шараны іске асыру кезінде моноқалаларда тіркелген ШОК субъектілеріне өндірісті жаңғыртуға арналған шығындарды өтеуге субсидиялар, франшиза бойынша бастаушы кәсіпкерлерге гранттар және әлеуметтік кәсіпкерлерге субсидиялар беріледі.

Шағын және орта кәсіпкерлікке кредит беру. Ресей экономикалық даму министрлігі шағын және орта кәсіпкерлікті қаржылай қолдау шаралары кешенін жүзеге асыруда.

ШОК субъектілерінің кредиттік және өзге де қаржы ресурстарына қол жеткізуін қамтамасыз ету, шок субъектілеріне кепілдемелер мен тәуелсіз кепілдіктер беру жүйесін дамыту үшін Экономикалық даму министрлігінің қолдау бағдарламасы шеңберінде несиелеуге жәрдемдесу қорларын (кепілдік қорларын, кепілгерлік қорларын) құру және дамыту жөніндегі іс-шаралар көзделген, олардың қызметі Министрліктің қабылданған бұйрығымен реттеледі.

Бұдан басқа, Өңірлік кепілдік ұйымдарының әлеуетін кеңейту үшін Экономикалық даму министрлігі 2020 жылға дейінгі кезеңге шағын және орта кәсіпкерлікті қолдаудың ұлттық кепілдік жүйесін дамыту стратегиясының (бұдан әрі – ҰКЖ) негізгі ережелері бекітілді.

Ұлттық кепілдік жүйесін іске асыру шеңберінде кәсіпкерлермен өзара іс-қимыл рәсімдері жетілдіріліп, ресурстарды пайдалану тиімділігі артады, жаңа кепілдік өнімдер әзірленіп жатыр. Жүйе ШОК субъектілеріне кепілдік қолдау көрсетудің үш деңгейлі мақсатты моделін енгізуді көздейді:

Бірінші деңгей - «Корпорация «МСП» АҚ: орта және ірі жобалар үшін кепілдіктер, сондай-ақ шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне кредит беруді ынталандыру бағдарламасы шеңберінде кепілдемелер беру («Программа- 6,5»);

Екінші деңгей - «МСП Банк «АҚ: «ағынды» технологиялар шеңберінде кепілдіктер беру;

Үшінші деңгей - «ағынды» технологиялар шеңберінде өңірлік кепілдік ұйымдардың кепілдемелерін ұсыну.

«Корпорация «МСП» АҚ ШОК субъектілеріне берілетін кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлемені төмендету үшін Ресей Экономикалық даму министрлігімен және Ресей Банкімен бірлесіп «Программа-6,5» іске асырылуда. Осы бағдарлама бойынша негізгі қарыз алушы үшін пайыздық мөлшерлеменің мөлшері орта кәсіпорындар үшін 9,6%-ға дейін және шағын кәсіпорындар үшін 10,6%-ға дейінгі мөлшерлемені құрайды. Бағдарламаға 32 уәкілетті банк қатысады, оның жұмысын РФ Экономикалық даму министрі Максим Орешкиннің төрағалығымен ШОК корпорациясының Директорлар кеңесі үйлестіреді.

Бұдан басқа, микробизнеске қарыз қаражатына үлкен қажеттілік байқалады, онда белгілі бір себептермен дәстүрлі банк өнімдерін (кредиттің аз сомасы, кредиттік тарихтың болмауы, елді мекеннің алыстығы және т.б.) пайдалануға мүмкіндігі жоқ. Бұл үшін ШОК-ты қолдау бағдарламасы шеңберінде кәсіпкерлікті қаржыландыру үшін микро кредиттік ұйымдарын дамытуға көп көңіл бөлінеді. Мұндай МКҰ 3 жылдан аспайтын мерзімге 3 млн.рубльге дейін микроқарыздарды ұсынады. Бұл ретте қарыз алушы үшін мөлшерлеме 10%-дан аспауы тиіс.

Шағын және орта бизнес саласындағы халықаралық ынтымақтастық. Ресейдің экономикалық даму министрлігі Шағын және орта кәсіпкерлік саласындағы халықаралық ынтымақтастықты мынадай ұйымдардың қызметіне қатыса отырып дамытады: ЭЫДҰ, Қара теңіз экономикалық ынтымақтастық ұйымы, Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы, Азия-Тынық мұхиты экономикалық ынтымақтастық, БРИКС, Одақтас Мемлекет (одақтас мемлекеттегі шағын және орта кәсіпкерлікті одан әрі дамыту жөніндегі жұмыс тобы), ТМД (ТМД – ға қатысушы мемлекеттердегі шағын кәсіпкерлікті қолдау және дамыту жөніндегі Консультативтік кеңес), Еуразиялық экономикалық комиссия (Еуразиялық экономикалық комиссия алқасы жанындағы кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі Консультативтік комитет).

Халықаралық диалог бірқатар елдермен екіжақты форматта жүзеге асырылады:

* Финляндия - Экономикалық ынтымақтастық жөніндегі Ресей-Финляндия мемлекетаралық үкіметтік комиссиясының кәсіпкерлік (шағын және орта кәсіпорындар) жөніндегі жұмыс тобы;

* Австрия - сауда және экономикалық ынтымақтастық жөніндегі аралас Ресей-Австрия комиссиясының шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі жұмыс тобы;

* Италия - Ресей-Италия өнеркәсіптік аймақтар, шағын және орта бизнес саласындағы ынтымақтастық жөніндегі жұмыс тобы;

* Франция - Ресей-Француз Кеңесі жанындағы экономика, қаржы, өнеркәсіп және сауда мәселелері жөніндегі жұмыс тобы);

* Жапония - Жапонияның Экономика, сауда және Өнеркәсіп министрлігімен Меморандум (шағын және орта кәсіпкерлік саласындағы ынтымақтастық бойынша платформалар құру туралы);

* Қытай - ҚХР Коммерция министрлігімен Меморандум.

Халықаралық бағыт шеңберінде экспортты-бағдарланған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін – экспортты қолдау орталықтарының мамандандырылған инфрақұрылымы қызметін үйлестіру бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр.

Бөлім бойынша пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. РФ Федералдық мемлекеттік статистика қызметі. <http://www.gks.ru/>
2. РФ Экономикалық даму министрлігі. <http://economy.gov.ru> ескерту.
3. 2019 жылғы екінші тоқсандағы бөлшек сауда айналымы. РФ Федералдық мемлекеттік статистика қызметіне шолу.
4. 2019 бірінші тоқсандағы көтерме сауда айналымы. РФ Федералдық мемлекеттік статистика қызметіне шолу.
5. РФ Федералдық салық қызметі <https://rmsp.nalog.ru/>

2

2019 жылдың екінші тоқсанындағы ЕАЭО елдеріндегі кәсіпкерліктің даму үрдістері



2.1. 2019 жылдың екінші тоқсанында ЕАЭО елдерінде бизнес жүргізудің макроэкономикалық шарттарын салыстыру

Дүниежүзілік банктің деректеріне сәйкес бұрынғы кеңестік кеңістіктегі көптеген елдер ағымдағы жылы реформаны жүзеге асырған елдердің қатарына кіреді, атап айтқанда:

* «Бизнесті жүргізу» зерттеудің жаһандық рейтингінде 6-шы орын алған Грузия Еуропа мен Орталық Азия аймағы елдерінің арасында ең жоғары рейтингке ие, одан кейін Солтүстік Македония (10-шы орын), Әзірбайжан (25-ші орын) және Қазақстан (28-ші орын).

* Тәжікстанның (126-ші орын) және Босния мен Герцеговинаның (89-ші орын) рейтингтері ең төмен.

* Өңірдің басқа да ірі экономикалары және олардың рейтингтері: Ресей Федерациясы-31 орын, Түркия-43 орын және Украина-71 орын

* Өңір елдері орташа көрсеткішке (49) және миноритарлық инвесторларды қорғауға (49) қол жеткізе отырып, меншікті тіркеу саласында жақсы нәтижелер көрсетті. Өңірде меншік құқықтарын беруді тіркеудің барлық рәсімдерін орындауға 20 күн талап етіледі, бұл ретте шығындар экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының жоғары деңгейлі елдеріндегі 4,2%-мен салыстырғанда жылжымайтын мүлік объектісі құнының 2,6%-ын құрайды.

• Өңірдің құрылысқа рұқсат алу (84) және электрмен жабдықтау жүйесіне қосылу (88) саласындағы нәтижелері қанағаттанарлық емес.

Дүниежүзілік банктің деректеріне сәйкес «Еуропа – Орталық Азия» аймағында реформаларды жүзеге асырудағы үрдістер:

* Соңғы жылы өңірдің 23 экономикасының 19-ында бизнес жүргізуді жеңілдетуге бағытталған 54 реформа жүргізілді. Әлемде жүзеге асырылған 314 реформаның 17%-ы өңірдің үлесіне тиесілі.

* Еуропа мен Орталық Азия өңірінің екі елі жүргізілген реформалар саны бойынша неғұрлым елеулі нәтижелерге қол жеткізген елдердің қатарына кірді: Әзірбайжан (8 реформа) және Түркия (7 реформа) Реформаларды жүзеге асыру саласында жақсы нәтижелер көрсеткен басқа экономикалардың арасында Армения (5 реформа), сондай-ақ Ресей Федерациясы мен Қырғыз Республикасын (әрқайсысы 4 реформа бойынша) атап өткен жөн.

* Осы елдерде жүргізілген реформалар төмендегілерді қамтиды:

